

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеулер институты

«МЫҢ КЕЛБЕТТІ» ЖАСТЫҚ ШАҚ
«Алматы қаласының жоғары оқу орындары студенттерінің әлеуметтік-
психологиялық портреті» атты зерттеулерінің есебі

Алматы, 2018 ж.

Автор: Мекебаева Майгүл Адамқызы

Бұл жұмыс Алматы қаласының студенттерінің көзқарастарын әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесі бойынша дайындалды.

«Алматы қаласының жоғары оқу орындары студенттерінің әлеуметтік-психологиялық портретіне» ҚазМемҚызПУ Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институты зерттеулер жүргізді. Әлеуметтік зерттеу 2018 жылдың сәуір-мамыр айларында Алматы қаласының 8 жоғары оқу орнында жүргізілді. Бірыңғай әдіс бойынша 485 респондентен сауалнама алынып, фокус топтары ұйымдастырылды. Сауалнаманы институт қызметкерлері өткізіп нәтижесі SPSS (версия 22) өңделді.

Жоба жетекшісі:

Авторлық ұжым:

Мекебаева Майгүл Адамқызы – Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеулер институтының аға ғылыми қызметкері, саясаттану ғылымдарының кандидаты.

Сәлімжанова Айжан Серікқызы – Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеулер институтының директоры.

Аташ Берік Мұратұлы - Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы.

Тлеуенова Жанар Сайрамбекқызы - Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеулер институтының аға ғылыми қызметкері, психология магистрі.

МАЗМҰНЫ

	РЕФЕРАТ	4
1.	ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ	6
1.1	Зерттеудің өзектілігі мен негіздемесі	6
2.	РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ	8
3.	СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ МЕН МАМАНДЫҚҚА БЕЙІМДЕЛУГЕ ҚАТЫСЫ...	10
3.1	Университетті таңдау мен таңдау себептері.....	12
3.2	Мамандықты таңдау.....	14
3.3	Оқуға деген көзқарас.....	20
3.4	Респонденттердің оқуды бітіргенен кейінгі кәсібі жоспарлары.....	23
3.5	Білім алу шарттары.....	26
3.6	Академиялық ұтқырлық.....	28
3.7	Университеттің ғылыми-зерттеулік жұмыстарына қатысу.....	33
3.8	Университеттің қоғамдық жұмыстарына қатысу.....	35
4.	ГЕНДЕРЛІК СҰРАҚТАР	36
5.	ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ	36
5.1	Студент қыздардың өмірлік құндылықтары.....	37
5.2	Қазіргі кездегі әйелдердің қасиеті.....	39
6.	ДІН	42
7.	НЕКЕГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСТАРЫ	43
8.	БОС УАҚЫТ	44
9.	СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ	48
10.	ҮЙДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТІЛІ	48
11.	БАСҚА ЖОО БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	48
12.	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ БАҒДАРЫ, САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ	50
	ҚОРЫТЫНДЫ	70
	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	74

РЕФЕРАТ

Алматы қаласының жоғарғы оқу орындары студенттерінің әлеуметтік-психологиялық портреті» - әлеуметтік зерттеуіне Алматы қаласының жоғарғы оқу орындарында оқитын қыздар қатысты.

Есеп 65 беттен, 7 тараудан, 10 параграфтан, Қорытындыдан, Нұсқаулықтан, Диаграмма, кесте, 14 әдебиет көзінен, 1 қосымшадан құралған (сауалнама).

Түйін сөздер: әлеуметтік-психологиялық портрет, жастар, Алматы қаласының жоғарғы оқу орындары

Зерттеу объектісі Алматы қаласының 16 жастан 20 жас аралығындағы жоғарғы оқу орындарының студент қыздары қатысты.

Зерттеудің негізгі мақсаты - жоғарғы оқу орнында оқыту мен тәрбиелеу жұмысын оңтайландыру мақсатында Алматы қаласының жоғарғы оқу орындарында білім алып жатқан қыздар өмірінің белсенділігінің мазмұндық сипаттамаларының сапалық және сандық көрсеткіштерін анықтау. Сонымен қатар Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институты 2000 және 2003 жылдары өткізген әлеуметтік зерттеу нәтижелерін қазіргі алынған деректермен салыстырмалы талдау жасауды да мақсат етеді.

Жоспарланған зерттеу мақсатына сәйкес, төмендегідей *негізгі мәселелер* шешімін тапты:

- студенттердің оқу және кәсіби өзін-өзі айқындауды анықтау;
- қыздардың моральдық көзқарастары мен құндылықтарының динамикасын қадағалау;
- студенттердің рухани-адамгершілік сапаларын зерттеу;
- отан сүйгіштік пен белсенділік деңгейін зерттеу;
- қыздар арасындағы діни көзқарастың таралу деңгейін анықтау;
- жастардың отбасына, этносаралық некеге деген қарым-қатынасын анықтау;
- студенттердің бос уақытын қалай өткізеді, олардың қызығушылықтары мен ізденістерін анықтау;
- зерттеу нәтижелері негізінде нұсқаулар беру;
- 2000 және 2003 жылдары өткізілген социологиялық сауалнама нәтижелері бойынша Алматы қаласының студент қыздарының моральдық көзқарастары мен құндылық бағдарларының динамикасын қадағалау.

Бұл есепте 2000, 2003, 2018 жылдары ҚазМемҚызПУ-да жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің ұқсас мәселелеріне салыстырмалы талдаулар келтіріледі. «Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық институты студенті: әлеуметтік-психологиялық портреті» атты зерттеу бағдарламасы шеңберінде 2000 және 2003 жылдары студенттерге сауалнама жүргізілген.

Әлеуметтік талдауды жүзеге асырудың негізгі мәселесі студенттердің әлеуметтенулері мен өзін-өзі дамыту мәселелеріндегі қарама-қайшы процестерді анықтау болып табылады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – студенттерінің өмірлік белсенділігінің сапалық және сандық көрсеткіштерін анықтау, оның негізінде ҚазМемҚызПИ-дің білім беру және білім беру моделін теориялық тұрғыдан өзгертіп, оның әлеуметтік мәртебесін өзгертуге мүмкін беретін эмпирикалық материалдарды алу.

Әлеуметтік зерттеулер 2000 және 2003 жылдардың көктем айында ҚазМемҚызПИ-дің 5 факультетінде жүргізілген. Зерттеуге 2000 жылы 506 адам, ал 2003 жылы 400 адам қатысты.

Зерттеуге арналған сауалнама сұрақтарында әлеуметтендіру мәселелерінің кең ауқымын қамтитын 80-нен астам сұрақ бар (оқу орнын таңдауға, оқуға деген көзқарасқа, кәсіптік бағдарға, бюджет көздеріне, саяси бағдарлауға, бос уақытты өткізуге, әлеуметтік сәйкестілікке, некеге тұруға, репродуктивтік және гендерлік бағдарламаларға қатысты сұрақтар).

Зерттеу әдісі

Зерттеуді жүргізу үшін аралас әдіснама: сапалы (фокус топтар) және сандық (сауалнама), салыстырмалы талдау пайдаланылды.

Әлеуметтік зерттеу 2018 жылдың сәуір-маусым айларында Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институтының қызметкерлері жүргізді.

Зерттеу репрезентивті таңдау негізінде өтті. Репрезентивті таңдау 17 жастан жоғары жастағы қыздарды, олардың этникалық және тұрғылықты аймақтарына байланысты таңдап алынды. Іріктеудің (таңдамалы) жиынтық көлемі – 485 респондент.

Сауланама ҚазМемҚызПУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, AlmaU, Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, СДУ, М. Тынышпаев атындағы Қазақ транспорт және коммуникация университеті (ҚазАТК) оқу корпустары мен жатақханаларында жүргізілді.

Сауалнамалық зерттеуге Алматы қаласының сегіз университеттерінде оқитын қыздар арасында кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы таңдалды.

Сауалнама негізіне ҚазМемҚызПУ жанындағы Гендерлік зерттеулер орталығының 2000 жылдары студенттерге зерттеу жүргізу жобасының сұрақтары енгізілді. Сонымен қатар сауалнамада респонденттердің әлеуметтік-демографиялық ақпараттары туралы тарау бар. Алынған нәтижелер SPSS for Windows (22 версиясы) көрсеткіштерді статистикалық тұрғыда өңдейтін бағдарлама арқылы өңделіп, бір өлшемді, екі өлшемді және көп өлшемді деңгейде талданып диаграмма мен кесте түрінде берілді.

Сандық талдау ҚазМемҚызПУ-дың қыздарымен өткізілген сегіз фокус-топтық пікірталас түрінде сапалы әдістермен толықтырылған. Аудио және бейнематериалдарда фокус топтарының сериясы жазылған. Фокус-топтардың дыбыстық жазбаларындағы деректерді институт қызметкерлері өңдеуден өткізді. Сондай-ақ, фокус-топтар мен олардың қызметінің ауқымы туралы толық ақпарат жиналды.

Респонденттерді таңдау ерікті болды.

Ақпарат жинау әдісі – сауалнама жүргізу.

Далалық зерттеулерді өткізу уақыты: сәуір-мамыр 2018 жыл.

№1 кесте. Жоба бойынша таңдалған жиынтық

№	Жоғарғы оқу орны	Жалпы жиынтық	Іріктелген жиынтық
1	ҚазМемҚызПУ	6500	120
2	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	20000	128
3	С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	10000	56
4	ҚазХҚжәнеӨТУ	5000	38
5	AlmaU		55
6	СДУ	4000	20
7	Шет тілдер және іскерлік карьера университеті		38
8	Қазақ транспорт және коммуникация университеті ҚазАТК	9000	30

№2 кесте. ҚазМемҚызПУ іріктеу жиынтығы


№	Факультеттер	Жалпы жиынтық	Іріктелген жиынтық
1	Физика-математика		24,2 (29)
2	Әлеуметтік-гуманитарлық		23,3 (28)
3	Қазақ филологиясы және әлем тілдері		22,5 (27)
4	Педагогика және психология		17,5 (21)
5	Өнер және мәдениет		11,7 (14)
6	Жаратылыстану		0,8 (1)

Әрбір университетте жалпы адам санына сәйкес репрезентативті үлгі бойынша сауалнама жүргізілді.

Іріктеу жиынтық репрезентативті болып саналады - респонденттердің құрамы сауалнама жүргізу кезінде өзектілікке сәйкес жалпы жиынтыққа жақын ресми статистикалық мәліметтерге жинақталған.

Ресми статистикаға сәйкес, 2017 жылы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың саны - 3 994 464 млн. адам немесе 22,3 %, (2014 – 4 293 млн. адам, 2015 – 4 206 млн. адам, 2016 – 4 099 млн. адам) құрайды, сонымен қатар қалалық - 2 274 524 млн. және ауылдық - 1 719 940 млн. адам [1].

№1 диаграмма. Қазақстан Республикасының жастарының гендерлік құрамы



Ақпарат көзі: ҚР ұлттық экономика министрлігінің статистика жөніндегі комитеті.

2017-2018 жж. аралығында Қазақстанның жоғары оқу орындарында 496209 студент білім алған, Алматы қаласында – 131292 студент. Білім алушылардың жалпы санының басым бөлігін қыздар 55,9%, ал жігіттер – 44,1% құрайды. Білім алушы студент қыздардың жас диапазоны өте кең: 16 жастан 29 жасқа дейін, бірақ басым көпшілігі 17-22 жас аралығында.

1 ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.1 Зерттеудің өзектілігі мен негіздемесі

Зерттеудің өзектілігін қоғамның әлеуметтік, экономикалық және рухани салаларында, әлеуметтік идеалдардың жоғалуына және уақыт талабына сай моральды бағдарларды іздестіруде жас қыздардың рухани-адамгершілік және әлеуметтік көзқарастарын анықтауға айтарлықтай әсер еткендігі анықталады. Мұндай жағдайда құндылық жүйесінде дағдарыс бар деп айтуға болады. Бұған себеп, қазіргі бар құндылықтар жүйесі, халықтың көпшілігінің қолдауына ие болса да, осындай жақсы дамыған, құрылымдық сипатқа ие емес және ең алдымен еліміздің жас ұрпағы алдында жауапсыз қалған көптеген сұрақтар бар. Қазақстан жастары ең алдымен мынадай мәселелерге кездеседі.

1. Ауыл жастарының қала жастарымен салыстырғанда біліктіліктерінің төмен болуына байланысты жұмыссыздық;
2. Әлеуметтік-экономикалық жағдай, бірінші орында тұрғын үй мәселесі;
3. Жоғары әлеуметтік мобильділік үшін жеткілікті жағдайлардың болмауы, бұл ішінара ішкі мигранттарды қылмыстық әрекеттерге тартуға алып келеді;
4. Халықтың тереңдетілген поляризациясы, соның салдарынан қоғамның стратификациясының жаңа түрін қалыптастыру.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті қабырғасында тек қана қыздар жоғары білім алатын бірегей оқу орны болып табылады. Сондықтан университетте гендерлік ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру үдерісінің тиімділігін арттырудың сапалы жаңа жолдарды үнемі іздеу керек.

Алматы ірі мегаполис ретінде басқа өңірлерден жас қыздарды тартады, оларды білім беру саласындағы, ғылыми, шығармашылық және өзін-өзі анықтауға, жұмысқа орналасуға үлкен мүмкіндіктер және перспективалармен қамтамасыз етеді. Бұған дамыған инфрақұрылым мен Алматыдағы жоғары оқу орындарының үштен бірінің орналасуы (38), Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің осы қалада саны айтарлықтай көптігімен түсіндіріледі.

2016 жылы Алматы қаласына 33,4 мың жастар, бұл басқа келушілердің - 72,3% құрайды, олардың ішінде 22,0 мың - қыз балалар. Алматыдан кеткендер саны – 11,5 мың адам, яғни олардың ішінде 48,3% (6.7 мыңы - қыздар) құрайды. 21,9 мың жастардың ішінде жартысынан көбі жас қыздар – 15,3 мың. Еңбек нарығының жоғары талаптары жоғары оқу орнын бітірген түлектерді тығырыққа тірейді: кәсіби біліктіліктен өткен, тілді жеткілікті білетін, бірақ алған

мамандықтары бойынша тәжірбиесі аз болғандықтан басқа өздері сияқты тәжірибелі жастармен бәсекелестікке түсе алмайды. Қалаға тиімді интеграциялану үшін, жұмыс табу мен көптеген әлеуметтік мәселелерді шешу үшін, өзінің «кәсібін» тауып және жүзеге асыру үшін, тұлға ретінде жас қыздар білім мен біліктілікті жоғары деңгейде игерулері қажет. Қазақстан жастарының көптеген мәселелерін шешу білім берудің барлық деңгейлерінде жас мамандарды даярлау сапасына байланысты, сондықтан бүгінгі күні түлектердің құзыреттіліктері мен біліктіліктерінің заманауи талаптарға сәйкестігіне көбірек назар аудару керек.

Осылайша, қазіргі заманғы Қазақстанның маңызды міндеттерінің бірі - қалалық және ауылдық жастардың тең мүмкіндіктерін және даму деңгейін қамтамасыз ету, бұл бірінші кезекте білім беру және мәдени бағдарламаларға қолжетімділіктің төмендеуі есебінен қол жеткізуге, сондай-ақ жастарға арналған ауылдарда жұмыс орындарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алматы қаласының жоғары оқу орындарының студенттері белгілі бір ортақ мүдделерге, мәселелерге және құндылықтарға бағдарлануға бейім, бірақ шыққан әлеуметтік ортасы мен аймақтық ерекшеліктері олардың табиғи ерекшеліктері мен өзін таныту деңгейіне әсер етеді.

Қыздардың әлеуметтік белсенділігін бағалау және олардың әр түрлі іс-шараларға қатысуы, осы құбылыстың мониторингі жас қыздардың, олардың қажеттіліктері туралы объективті идеяларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұсынылған зерттеулер Алматы қаласының жоғары оқу орындарында оқитын қыздардың әлеуметтік-психологиялық портретін құруға, сондай-ақ, университетті, мамандықты, білімге деген қарым-қатынасты, әлеуметтік көңіл-күйді және өмірге бағдар беруді таңдауға қызығушылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл дегеніміз көптеген жас мамандар оқу орындарын бітіргеннен кейін еңбек нарығында сұранысқа ие болмай, қосымша кәсіби білім алуға мәжбүр болатындығын байқаймыз.


Қоғамның және Университеттің қоғамдық өмірінің түрлі салаларындағы студенттердің қатысуын анықтау, елдегі қоғамдық-саяси процестердің студенттердің бойында құндылықтар мен жеке қасиеттер жүйесін қалыптастыру дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

2 РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Сауалнамаға ҚазМемҚызПУ-нен 6 факультет қатысты, респонденттердің жалпы саны 120 адам:

- физика-математика – 30,
- әлеуметтік-гуманитарлық – 28,
- қазақ филологиясы – 27,
- педагогика және психология – 21,
- өнер және мәдениет – 13;
- жаратылыстану – 1.

№2 диаграмма. Факультеттер бойынша ҚазМемҚызПУ студенттерінің пайыздық үлесі



Сауалнамаға негізінен 1 курс студенттерінен (65,8%) 18-19 жас, 2 курстан 15,8%, 3 курстан 15%, 4 курстан 3,3% қатысты.


№ 3 кесте. ҚазМемҚызПУ студенттерінің курс бойынша пайызы

Курс	Саны	%
1 курс	79	65,8%
2 курс	19	15,8%
3 курс	18	15%
4 курс	4	3,3%
Барлығы	120	100%

Респонденттердің тұрғылықты аймағы:


- Алматы қ., және Алматы облысы - 36,7% (44);
- Шымкент қаласы және Оңтүстік-Қазақстан обласы - 30,8% (37);
- Қызылорда қаласы және Қызылорда облысы - 10% (12);
- Тараз қаласы және Жамбыл облысы – 10% (12);
- Талдықорған қ., - 5,8% (8);
- Ақтау мен Маңғыстау облысы - 2,5 (3)%;
- Орал қаласы - 1,7% (2);
- Ақтөбе қаласы - 1,7% (2).

№ 3 диаграмма. Респонденттердің тұрғылықты аймағы




Сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының этникалық тұрғыдан алғанда респонденттердің 95%-ы қазақ, 3,3%-ы өзбек, 0,8%-ы, орыс және 0,8%-ы ұйғыр ұлты.

№ 4 диаграмма. Респонденттердің жасы



№ 5 диаграмма. Респонденттердің отбасылық жағдайы.




3 СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ МЕН МАМАНДЫҚҚА БЕЙІМДЕЛУГЕ ҚАТЫСЫ

Қазіргі кезде студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауы мәселесі өзекті болып отыр, себебі соңғы жылдары адамның жеке қабілеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіптер жиынтығы едәуір өсті. Адамның еңбек қызметіне қойылатын талаптар да арта түсті.

3.1 Университетті таңдау және жоғары оқу орнына түсу себептері

Студенттерге білім берудің тиімділігі мен сапасы, олардың кәсіби маман болуы, негізінен университетке түсу мақсатына және оның бітіргеннен кейінгі әлеуметтік, кәсіби және өмірлік жоспарларына байланысты.

№ 6 диаграмма. «Сіздің осы университетке түсуіңіздің негізгі себебі неде?» деген сауалға берілген жауаптарды топтастыру



Мониторинг болашақ маманның әлеуметтік-мәдени өзін-өзі анықтау алғышарттарын көрсетеді, жас қыздардың бейімділіктеріне сәйкес кәсіпке ие болғысы келетіндері (28,3%), бірақ бұл топқа ата-аналармен және туыстарымен бірге шешім қабылдағандар кіреді. 2000 және 2003 жылдардағы көрсеткіштерге салыстырмалы талдау көрсеткендей, ата-аналар өздерінің балаларын таңдауына әсерін тигізуі төмендегенін байқатады (2000-28%, 2003-28,7%, 2018-22,5%), бұл мектеп бітірушілердің өз білімдері мен өмірлік тәжірибелеріне сүйене отырып, өз бетінше шешім қабылдайтындықтарын көрсетеді.

Респонденттердің 13,3%-ы грантка ие болу мүмкіндігі осы университетті таңдауда шешуші фактор болды, ал респонденттердің 9,2%-ы университетті және мамандығын анықтауда «мүмкіндіктерінің шектеулі» туындағанын атап өтті. 2018 жылы 2000 және 2003 жылдармен салыстырғанда «мүмкіндіктерінің шектеулі» себептері айтарлықтай өзгерген жоқ (2000 - 13%, 2003 - 10%, 2018 - 9,2%).

«Ұстадарының кеңесі» секілді жауап, өзіне назар аудартады. Егер бұрынғы зерттеулердің нәтижелерімен салыстырсақ, «Ұстадарының кеңесі» маңызды болмады: 2000 - 3%, 2003 - 6,4%, 2018 - 5,8%. Бірақ, мұғалім кәсіби өзін-өзі анықтауда көмектесуі мүмкін, себебі ол тәжірибелі адамның жеке басын, оның мүддесін және болашақ мамандықты таңдаудың себептерін толық түсінеді.

№ 4 кесте. ҚазМемҚызПУ-не түсу себептері, факультетер бойынша, %

Оқуға түсу себептері	Физмат	Әлеум-гуманит	Филология	Педагог	Өнер	Жаратылыс тану
Бейімділікке сай мамандық алуға ұмтылыс	31	7,9	30,4	22,7	35,7	100
Бұл бірлескен шешім (ата-анаммен, туысқандарыммен)	20,7	5	6,1	18,2	14,3	-
Грант алу мүмкіндігі жоғары	17,2	1,4	10,9	18,2	-	-
Таңдау мүмкіндіктерінің шектелуіне/басқа баратын жер жоқ	3,4	4,3	6,5	4,5	14,3	-
Ұстаздарымның кеңесімен	6,9	7,1	6,5	-	7,1	-
Достарымның ақылы	-	3,6	8,7	-	-	-
Жоғары оқу орынның алыстығы	-	-	-	4,5	-	-
Жоғары оқу орындары туралы ақпарат болмағандықтан	-	-	2,2	-	7,1	-
Жауап беруге қиналамын	3,4	3,6	-	4,5	21,4	-
Басқа	17,2	3,6	8,7	27,3	-	-

№5 кесте. Бейімділікке сай мамандық алуға ұмтылыс

Бейімділіктеріне сай мамандық алуға көбірек ұмтылатын факультетер студенті	
Жаратылыстану	100%
Өнер және мәдениет	35,7
Физика-математикалық	31%

№6 кесте. Ата-ана және туысқандармен бірлескен шешім

Ата-ана және туысқандармен бірлескен шешімді қабылдаған студенттер, факультеттер	
Физика-математика	20,7%
Педагогика-психология	18,2%

Физика-математика факультеттерінің студенттері – 17,2% және педагогика-психология факультеттерінің студенттері – 18,2% үшін грантқа ие болу маңызды болып табылады.

Өнер және мәдениет факультетінің студенттерінің – 14,3% өз мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін белгіледі. Мамандық таңдауда физика-математика әлеуметтік-гуманитарлық, өнер және мәдениет, қазақ филологиясы факультеттеріндегі студенттердің - 7%-ы өз ұстаздарының кеңесіне жүгінгенін айтады.

ЖОО-дың орналасу қашықтығы педагогика-психологиялық факультет студенттері атап өтті. Жауап беруге қиналамын деген сауалды - 21,4% көбіне Өнер және мәдениет факультетінің студенттері белгіледі.

«Менің мақсатым болашақта ауылға мұғалім болып еңбек жасап, директорлыққа дейін көтерілу», Арайлым.

«Мұғалім мамандығын бітірген адам жұмыссыз қалмайды деген ой келді», Ұлболсын.

«Ата-анам осы жерді алдын ала келіп көріп кетті. Барлық жағдай жасалған тек оқу оқитын жер деп мақтап кетті. Барлығы менің көңілімнен шығады», Арай.

«Мен ҚызПУ-ін таңдадым, өйткені ол жерде барлық жағдайлар жасалған, тамағы тегін, білімі жоғары деген мақтаулар естіп, өзімнің осы оқу орнына жүргізген зерттеулерім бойынша мектептегі өзіме сабақ берген ұстаздарымның білімін жоғары бағалап, таңдап отырған университеттердің тізіміне қосып, осы жерге оқуға түстім», магистрант, Әсия.

«Ұяндау қызбын. Маған ерлердің арасында сабақ айтқан, ашылған қиын, сол себепті осы универді таңдадым», Жаратылыстану факультеті, 1 курс магистранты, Арай.

«ҰБТ-тен төмен балл алдым. Баллға байланысты таңдау жасадым», ӘГФ, 3 курс студенті, Гүлнұр.

«Білімі бәсекеге қабілетті болса деп ойлаймын. Оқуға түсу баллы жоғары болса, университеттің беделі көтеріледі. Сабақтар арасында бос уақыттар болмаса. Корпусарда отыратын орындықтар жоқтың қасы», ПИП, 1 курс, Сымбат, Аида.

Сауалнама көрсеткендей:

– ЖОО таңдауы тендестірілген және таңдалған мамандықтың жеке адамның мүдделеріне, бейімділігіне, қабілеттеріне сәйкес келу принципіне негізделеді, сондықтан, мамандық таңдағанда, жас қыздар өздерінің психологиялық сипаттамаларынан сәйкес таңдайды;

– болашақ студенттің жеке әлеуетін ашу функциясын өз бетімен жасаған таңдаудың маңыздылығын жоғалтқан жұмыс немесе басқа университетке түсуге кепілдік ретінде әрекет ететін ата-аналар мен туыстар қарайды;


– мектеп оқушыларының 5,8% кеңес алу үшін ұстаздарына жүгінеді. Бұл дегеніміз, жұмыс басты мұғалімдер оқушылардың кәсіби өзін-өзі тануына қатыспайды, студенттер немесе мұғалімдердің көз алдында беделге ие емес, ал студенттер мұғалімдерден кеңес сұрамайды;

– университетті таңдаған кезде респонденттердің себептерін, мүдделерін, бейімділігін және қабілеттерін зерттеу ҚазМемҚызПУ студенттері мемлекеттік грант алу мүмкіндігін ескереді. Сондай-ақ, студенттерді университеттің әлеуметтік жағдайы қызықтырады: біріншіден, күніне үш рет тегін тамақтану, екіншіден, жатақхана. «Мүмкіндіктердің шектелу мәселесі» және «ЖОО-ның қашықтығы» іс жүзінде ҚазМемҚызПУ студенттерінің университетін таңдауына әсер етпейді [4].


3.2 Мамандық таңдау

Нарықтық экономика жағдайында жас қыздарға мамандық таңдау ең маңызды мәселе болып табылады және жеке мотивтерге сүйенетінін байқатады. Олар әртүрлі қажеттіліктерден және мүдделерден, қоғамдық және жеке өмірден қалыптасады.

№ 7 диаграмма. Респонденттердің «Егер Сіз мамандықты қайтадан таңдайтын болсаңыз, Сіз не істер едіңіз?» сауалына берген жауаптары:



№ 8 диаграмма. Респонденттердің «Егер Сіз мамандықты қайтадан таңдайтын болсаңыз, Сіз не істер едіңіз?» сауалына факультеттер бойынша берген жауаптары



Саналы түрде таңдау, таңдаған мамандығымен қанағаттану, мамандықтың бәсекеге қабілеттілігін студент қыздардың жауаптарынан көруге болады: «Осы мамандықты осы университетте таңдар едім» - Иә – 27,5%. Яғни ол қазақ филология факультетінің үштен бір бөлігі (32,6%), әлеуметтік-гуманитарлық (32,1%), физика-математикалық (31%) және педагогика-психологиялық (31,8%) мамандықтарымен оқу орнын өз қалауымен таңдаған, ал өнер және мәдениет факультетінде барлығы 14,3%, жаратылыстануда 0%.

Мамандығына деген қызығушылық, мамандықтың мазмұндық жағы негізгі себеп болады деп санайтындардың басым көпшілігі өнер және мәдениет (21,4%), қазақ филологиясы (19,6%), педагогика-психология (18,2%) факультеттерінің студенттері белгіледі. Таңдаған мамандықтарына қанағаттанатындар әлеуметтік-гуманитарлық пен өнер және мәдениет факультеттерінің студенттері, барлығы 10%-ы құрайды.

Барлық респонденттердің 13,3%-ы тек таңдаған мамандығына қанағаттанбайды, бірақ олар ҚазМемҚызПу-да оқуды қалайды. Біз оқуды ҚазМемҚызПу-да одан әрі жалғастырғымыз келеді деген жауаптың басым көпшілігі жаратылыстану факультетінің студенттері - 100% және физика-математика бойынша - 27,6%. Олардың қатарында қазақ филологиясы - 17,4% және педагогика-психология - 13,6% құрайды. Әлеуметтік-гуманитарлық (10,7%), өнер және мәдениет (7,1%) факультеттерінде оқитын студенттер басқа университетте оқығысы келеді.

Респонденттердің 41,7% басқа мамандықты және басқа университетті таңдайтынына ерекше назар аудару керек. Бұл жауаптан студенттердің мамандық таңдауда ғана емес, сонымен қатар университеттен де көңілдері қалғанын көрсетеді. Педагогикалық университетке нақты мамандықты оқып үйрену үшін түскен студенттердің ойын өзгертетін себептер:

- Біріншіден, оқу-танымдық қызығушылықтың төмендеуі,
- Екіншіден, университетте білім беру және тәрбие үрдістерін ұйымдастыруда гендерлік сезімталдықтың жоқтығы.

№7 кесте. Респонденттердің ЖОО мен мамандықтарын ауыстыру позициялары, факультеттер бойынша:

Факультеттер	%
Жаратылыстану	100%
Өнер және мәдениет	57,1%
Әлеуметтік-гуманитарлық	46,4%
Педагогика-психология	36,4%
Физико-математическа	31%
Қазақ филологиясы	30,4%

«Басқа университеттің осы мамандығына таңдау жасар едім. ҚазҰУ баратын едім», ӘГФ 3 курс студенті, Жанар.

«Анам қыздардың арасында оқығанымды қалады, өйткені тек қыздар, тәртіп қатал болады деп ойлады», Педагогика және психология факультеті, 1 курс магистранты, Роза, КазГосЖенПУ.

«Мамандығымды өзгерткім келмейді. Маған ұстаз болған, балаларға білім берген ұнайды», 2 курс студенті, Айдана.

Фокус-топтық зерттеулер мен сауалнама көрсеткіштеріне талдау жасай отырып студент қыздардың кәсіби өзін-өзі анықтауға әсер ететін негізгі факторларды анықтады:

- біріншіден, қыздардың кәсіби жоғары педагогикалық мамандық алуға ұмтылу себептері, олардың белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болғысы келетіндігін, сол арқылы жоғары әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз ету;

- екіншіден, ауылдық жерлерден келген қыздардың «жоғары білім туралы диплом алу арманы» негізгі себептердің бірі болып табылады;

- үшінші, университеттің өзінің мәртебесінің төмен болуы, бір жағынан мұғалім мамандығының қоғамдағы маңызы мен беделінің жоқтығы, білім алушы студенттер арасында болашақ мамандыққа деген көзқарастың қалыптасуына теріс әсер етеді.

Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі бойынша, қыздар университетке үлкен талап қоймайды және таңдаған мамандықтың беделіне мән бермейді, сондықтан олар өз таңдауларына сенімді емес және өз таңдауына төмен баға береді.

Студенттердің кәсіби өзіндік сананың дамуына жасалған талдау көптеген қарама-қайшылықтарды анықтады - біреулерінің қалыптасқан қызығушылығы, басқасының лайықсыздық сезімі және үшіншілерден жағымсыз әсерлері анықталды.

Бүгінде жұмысқа орналасу арқылы отбасының материалдық жағдайын жақсартуға ұмтылу жаңа жағдайларды тудыратындығын ескеру қажет. Сондықтанда болашақта ЖОО профилі мен оқу үдерісінің ұйымдастырылуын ескеру керек. Осыған байланысты жаңа пәндер мен кәсіпкерлікке оқыту курстарын енгізуге болады және кәсіпкерлік жүйесіне қажетті біліктіліктерді енгізуге болады.


Болашақ мамандық пен Университетті таңдауға кері әсер ететін субъективті факторлар:

- таңдаған мамандығына деген қызығушылықтың жоқтығы,
- еңбек нарығы туралы ақпараттың аздығы мен нақты мамандыққа сұраныс жағдайын толық білмеу,
- кез-келген жағдайда және одан әрі жұмысқа орналасудың нақты мүмкіндіктерін есепке алмай, қайткенде де ЖОО түсу,
- өзі қалаған ЖОО таңдауға деген шектеу мен дайындық деңгейінің төмендігі.

3.3 Оқуға деген көзқарас

Студенттердің оқуға деген көзқарасы болашақ мамандардың сапалы дайындығына байланысты. Мамандықтарын дұрыс түсінбеу, білім ордасындағы білім сапасы, пәндер бойынша үстемелердің (тым күрделі немесе әлсіз) дұрыс болмауы, өзіндік жұмысқа қатысы, мамандық бойынша өзінің біліктілігін жетілдіру сияқты және де т.б. мәселелер оқу мен мамандыққа деген қарым-қатынасты қалыптастырады.

№9 диаграмма. Респонденттердің: «Сіздің оқуға деген көзқарасыңыз қандай?» сауалына жауаптары:



Оқуға көзқарасыңыз қандай деген сұраққа, білім алу адамзаттың маңызды құндылығы деп санайтындар 36,7% студент, кейбір пәндер ғана қызықтырады және оқуға немқұрайлы қарайтындар 6,7%-ы құраса, қиналып оқимын деген жауапты 3,3%-ы белгіледі. Пәдерге қызығушылық білім алудың ең бір маңызды мотиві болып табылады және оны студенттер ертерек басқа мотивтерге қарағанда ертерек сезінеді. Сауалнама негізінен 1 курс (65,8%) студенттеріне жүргізілгенін ескерсек, кейбір пәндерге ғана қызығушылық осы кезеңдегі білім алушылардың бірден-бір мәнді әрі шынайы мотивтердің бірі болып саналады.

Диаграмма №10. «Оқуға деген ынтаңыз қандай?», деген сауалға ҚазМемҚызПУ факультеттерінің студенттерінің жауабы. Физика-математикалық, әлеуметтік-гуманитарлық, қазақ филологиясы мен әлем тілдер факультеттері.





Диаграмма №11. «Оқуға деген ынтаңыз қандай?», деген сауалға ҚазМемҚызПУ факультеттерінің студенттерінің жауабы. Педагогика-психология, өнер және мәдениет факультеті.



Салыстырмалы талдау көрсеткендей, зерттеудің негізгі параметрлері сандық мәндер келесі бағытта өзгерді:

- «тек кейбір пәндерге ғана қызығушылығым бар» 2000 жылы 44 %-дан до 2018 жылы 51,7% -ға өзгерді,

- «үлкен ынтамен оқимын» деген сұрақтың жауабы керісінше төмендеді 2000 жылы 45%-ы құраса 2018 жылы 27,6%-ы құрайды.

Тек кейбір пәндер қызығушылық тудырады деген сауалды белгілеген студенттер саны – 71,4% құрады, оқуға деген ынтам төмен деген жауапты өте аз белгілеген студенттер Өнер және мәдениет факультетінде оқиды.

Екінші орында Педагогика және психология факультеті тұр «тек кейбір пәндерге ғана қызығушылығым бар» -59,1% және «үлкен ынтамен оқимын» -36,4%-ы белгілеген.

Оқу барысында студенттерде көптеген (жеке сипаттағы мәселелер, басқа студенттермен және оқытушылармен қақтығыстар, материалдық проблемалар) болады, бірақ студенттердің мамандық бойынша жан-жақты білім алуға ұмтылысының жетіспеушілігі алаңдатады.

Бұл мәселе «Оқу барысында қиындықтарға кезіксеңіз, неге байланысты деп ойлайсыз» деген сұрақпен байланыстырылады.

Диаграмма №12. «Егер оқу барысында қиындықтарға кезіксеңіз, оны немен байланыстырасыз?» деген сұраққа респонденттердің жауабы:



Талдау нәтижесі көрсеткендей респонденттердің бұл сауалға байланысты «тек кейбір пәндер ғана мені қызығушылығымды тудырады» деген жауапты (35,8%)-ы көбірек таңдаған. «Оқу мені қызықтырмайды» деген жауапты - 15,8%-ы таңдаған, «Мен өз уақытымды дұрыс пайдалана алмаймын» деген жауапты - 10% белгіледі, «оқу құралдардың жетіспеушілігі» - 7%, «материалдық жағдайға байланысты» - 5%, «мінезімнің ерекшелігіне байланысты» - 5%, «пәндердің күрделілігі» - 3% и «өте көп тапсырма береді» - 3%-ы белгіледі. Алынған мәліметтерден байқанағымыз оқу барысындағы қиындықтардың кездесетіндігі, негізінен, білім алуға ынталандырудың болмауына байланысты.

«Оқытушылар көбіне қаталдық танытады, кейде балды төмендетіп тастау, қатты ашу тудырады. Не болмаса олардың айтқандарын істемей қойсаң, артыңнан қалмай ұрысады», физико-математикалық факультеті, 1 курс, Динара, Гүлжаһан.

«Тегін тамақ береді деп айтқаны да қызықтырды», Педагогика және психология факультеті, 1 курс студенті, Замира.

«Отбасындағы қаржылық жағдай баланың білім алуына көп әсер етеді», Әйгерім.

Сауалнама нәтижесі:

- студент қыздардың білімнен шеттетілгендері байқалады. Олар білім алуға ұмтылмайды, және олар үшін білім терминалдық құндылық емес, студенттер арасында мотивациядан гөрі антимотивация анық байқалады. Оқудың ішкі әлсіреу себептері, респонденттердің көбісі университетті өздерінің ішкі ниеті бойынша емес, университетті және мамандық таңдауды әртүрлі факторлардың әсерінен таңдау себептерімен түсіндіріледі,

- респонденттердің айтуынша олар үшін пәндер қиындық тудырмайды, іс жүзінде олар сабақ басты емес, оқулық пен оқу құралдары жеткілікті,

- жағымды тенденциялар тудыратын мәселелер көбіне студенттермен оқытушылар арасындағы қарым-қатынасқа студенттердің көңілдері толады. Оларды материалдық проблемалар туралы аз алаңдатады.

Таблица № 8. ҚазМемҚызПУ студенттерінің оқу барысында кездесетін қиындықтар, факультеттер бойынша:

Факультеттер	Тек кейбір пәндер мені қызықтырады	Оқу қызығушылық тудырмайды	Пәндер өте күрделі	Өте көп тапсырма беріледі	Оқу кітаптары мен материалдары жетіспейді
Физика-математика факультеті	34,5%	17,2%	3,4%	3,4%	3,4%
Өнер және мәдениет факультеті	57,1%	7,1%	7,1%	3%	0%
Педагогика және психология факультеті	45,5%	9,1%	4,5%	13,6%	9,1%
Әлеуметтік-гуманитарлық факультет	39,3%	17,9%	0%	0%	3,5%
Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті	23,9%	13%	6,5%	6,5%	0%.
Жаратылыстану факультеті	0	0	0	0	100%

Зерттеулер нәтижесі бойынша физика-математика мен әлеуметтік-гуманитарлық факультеттерінің 17% студенттері, сонымен қатар қазақ филологиясы мен әлем тілдері факультеттерінің (13%) студенттерінің білім алуға қызығушылықтары төмен екені байқатады.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, оқу барысында студенттің оқитын пәндері күрделі емес. Материалды түсіндіру сапасы, мұғалімнің оқушыларға деген көзқарасы оқуға деген қызығушылыққа үлкен әсер етеді. Олай болмаған жағдайда студент қажетті теориялық білім мен кәсіптік дағдыларды ала алмайды, нәтижесінде олардың оқуға қызығушылықтары жойылады.

Іс жүзінде барлық факультеттердің респонденттері білім алу қиындық тудырмайтынын белгіледі, ол жауапты көбірек белгілегендер әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің, өнер және мәдениет факультетінің және физика-математика факультетінің респонденттері. Педагогика және психология факультетінің респонденттері (13,6%) салыстырмалы түрде өте көп тапсырма беріледі деген жауапты белгіледі.

Айта кетерлік жайт, білім беру сапасының жоғары болуы және оның «жанданған» шығармашылық атмосфера қалыптастыруы студенттерді сабаққа қатысуға ынталандырады, және оқу деңгейін жоғарылату мен университет оқытушыларының шығармашылық белсенділіктерін дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Студенттің білім алудағы мінез-құлқы моделі үлкен ынта-жігердің барын байқатады, мамандықты таңдауға және оның беделіне күмәндану арқылы академиялық жетістіктерге баса назар аударады.

«Сабақ қыркүйек айында басталады десек те, іс жүзінде қазан айында басталады. 1-1,5 ай тек құр жүреміз, сабаққа келсек кабинет жоқ, не болмаса оқытушы жоқ», Екі шет тілі, Әйгерім; Қазақ филология әлем тілдері, шет тілдер мамандығының 3 курс, Нұрилә.

«Психолог-педагог оқытушылар студент қыздарға аптаның белгілі бір күндерін белгілеп психологиялық кеңестер беріп тұрса деген ұсынысым бар», Арайлым.

«Ақысы жыл сайын көтеріледі. Бастапқы келісім-шартта қалай қабылданды солай өзгеріссіз қалса деген ұсынысым бар. Техникалық жабдықтар жетіспейді. Біз кезекпен отыруымыз керек. Аудиториялардың ішін жаңаласа», Гүлнұр.

«Ал минусы кабинет пен техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі. Жатақхананың жабылу уақыты тым ерте. Сағат 22.00 жабылып қалады. Қосымша жұмыс жасайтын қыздар уақытынан кешігіп қалса, оларды кіргізбей қояды. Жатақхананың жабылу уақытын 24.00-ге дейін созу қажет. Кейбір мұғалімдердің студенттерге деген қарым-қатынасы дұрыс болмай жатады», Ақтоты.

«Мен биология мамандығында оқимын. Сабақ барысында тәжірибелер жүргізуге зертханалар жетіспейді. Тәжірибелерді қолымызбен жасамаймыз, тек сөзбен немесе видеолардан қараймыз. Бізде бір-ақ биохимия кабинеті ғана жақсы жабдықталған. Ал қалған 5 зертхана кабинеті құрал-жабдықтармен дұрыс жабдықталмаған. Ал қыздардың тәрбиесіне келетін болсақ, ұлдар жоқ деп сөйлеу мәдениетін сақтамайды. Аузына не келсе соны айта салады», Арайлым.

«Ұлпан асханасы өте жақсы. Подвалда аудиториялар бар. Сол жерде сабақ өтсе, ауасы дұрыс емес, сыз болады. Денсаулыққа әсер етеді. Кабинеттері ескі. Студенттер үйінің жатақханасында тұрып жатырмыз. Ол жаңа жатақхана. Тазалығы өте жоғары. Ерте жабылып қалады. Сол жағымен келіспеймін», Айдана.

«Мұғалімдер білімді. Кабинеттердің жағдайы сын көтермейді. Кабинеттар, көрнекіліктер жоқ. Мұғалімдердің студенттермен сөйлескенде ара-қашықтықты ұстамауы. Мамандыққа байланысты материалдар жеткіліксіз. Кітаптар аз. Қазақша кітаптар жоқ, орыс тілінен аударамыз. Жатақханада жағдай жақсы. Білім жағынан қатты қиналмаймыз», Динара.

«Пәтерде тұрамын. Жатақхананың жағдайы менің көңілімнен шықпайды. Іс-шараларға орыс топтарды қатыстырмайды. Пәтерде жатқан соң тамақты уақытылы іше алмаймын. Сол себепті ақшалай бергенді қалаймын. Оқытушылардың саны мен сапасы төмен. Біз орыс тілді топ болған соң, тек орысша таза сөйлейтін ұстаздар болғанын қалаймыз. Профессор оқытушылардың сабақ беру тәсілі ұнайды», Педагогика және психология факультеті, Виолетта.

«Ал басқа универлерді қарасақ ІІТУ, УІВ сияқты оқу орнында барлық жабдықтармен жабдықталған, шетелде жүргендей боласың. Бормен жазатын тақталар қазіргі уақытта керек емес деп ойлаймын. Магниттік тақталар қойып маркермен жазса. Біз қытай тілі сабағында иероглифтермен жазамыз дәптерге, ол дұрыс жазылмаса сызып-сызып тастайды», қазақ филологиясы, Нурилла.

«Бәрін қойып кабинеттердің тарлығы өте қолайсыз, тар кабинеттерге 10 адам сыймайды, ауа жетпейді. Терезені ашсаң жаурайсың», Әсем.

Сауалнама көрсеткендей

Студенттердің тек кейбір пәндерге қызығушылығы бар екені байқалды, сондықтанда жақсы білім алу үшін оқу процесін ұйымдастыруды қайта қарауды талап етеді.

Бұл жағдайда мұғалімнің кәсібилігіне, бір жағынан, студенттерді қиындықтарды жеңуге және өздерінің академиялық міндеттеріне жауапкершілікпен қарау қабілеттілігін арттыруға, ал екінші жағынан - олардың оқу үдерісін жеңілдету қабілеті, оны қызықты ету.

№10 диаграммадан байқағанымыздай, «Мен үлкен ынтамен оқимын» мотивінің маңыздылығы айтарлықтай төмендеген. Мотив кәсіби дамуымен тікелей байланысты және таңдалған мамандықтың маңыздылығын анықтайды. Бұл үрдіс студенттердің кәсіби жоспарларына қатысты басқа сұраққа жауаптарын талдау арқылы алынған деректермен расталады.

3.4 Респонденттердің ЖОО бітіргеннен кейінгі кәсіби жоспарлары.

Көптеген респонденттер университет бітіргеннен кейінгі кәсіби жоспарларын әлі белгілемеген, өйткені бұл сауалға қатысты бірнеше жауапты көрсеткен: университетті бітіргеннен кейін студенттер магистратураға түсуді жоспарлаған, кейбіреулері мамандықтарын сәйкес жұмысқа орналасқылары келеді. Бірақ мамандықтары бойынша жұмыс табу қиындық тудырса, кез-келген мамандыққа сәйкес келмейтін жұмысқа тұруға да келісетіндіктерін айтты.

Диаграмма №13. Респонденттердің жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі жоспарлары



Магистратурада білім алу профильдік және аналитикалық құзыреттілікті дамытады, зерттеу мен айналысу және басқару мәнсабына негіз болады. Диаграммадан байқағанымыздай респонденттердің жартысынан көбі білімдерін магистратурада жалғастырғылары келеді (51,7%), өйткені табысты мансапқа қол жеткізу үшін магистр дипломы қажет деп санайды. Магистрлік дәрежемен еңбек нарығында беделді жұмысқа және магистрлік дәреже оданда жоғары мәнсапқа қол жеткізудің бірден-бір жолы деп есептейді. Ал екінші жоғарғы білімнің ақылы оқу екенін ескере отырып қайта білім алғысы келетіндердің саны 10% құрайды. Ал магистратураға грантқа түсіп шәкірт ақы алып, қосымша жұмысқа тұруға болатындығы, немесе жұмысқа шығуды бір-екі жылға жылжытатындығы қызықтырады.


Диаграмма № 14. Респонденттердің «Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жұмыс табу мүмкіндігіңіз қандай?» жауаптары.



Оқу бітіргеннен кейін респонденттердің 65%-ы өз мамандықтарына байланысты жұмыс табатындықтарына сенімді, өйткені мұғалімдік мамандық бойынша жұмыс көп, әсіресе Алматы қаласында. Сондай-ақ олар жеке білім беретін мекемелер ашып алатындықтарына сенімді. Ал 14,2%-ы жұмыс таба алатындықтарына күмәнді, 9,2%-ы кез-келген жұмысқа тұратындықтарын белгіледі. Тек 5,8%-ы өз қалауы бойынша жұмысқа орналасатындығына күмән келтіреді, ал 5,8%-ы ата-аналары мен туысқандарының көмегі арқылы орналасатындарына сенімді.

Сауалнамадағы жауаптарға байланысты респонденттердің көбі ЖОО бітіргеннен кейін өз кәсіби мамандықтары бойынша жұмыс істеуге ниетті екені байқатады. Сол себепті, ҚазМемҚызПУ түлектерінің басым көпшілігі интеллектуалды еңбек нарығында өз кандидатураларын ұсынатыны заңдылық.

Диаграмма №15 . «Сіз нақты білесіз бе» сұрақтың жауабы



Егер респонденттердің 40%-ы болашақта қандай іспен айналысатындықтары белгілі болса, 45%-ы ЖОО-н бітіргеннен кейін немен шұғылданатынын әлі өздері білмейді. Ал сауалға жауап бергендердің көбі 1 курс студенттері екенін ескерсек, болашақ туралы ойлануға әлі уақыт бар екендігін алдыға тартады.

«Мамандығыңыздың жағымды жақтарын білесіз бе?» деген сұраққа респонденттердің 84%-ы жағымды жауап берді. Ал осы сауал бойынша 2000 жылы 94%-ы жағымды жауап берген.


Мамандығыңыздың жағымсыз жақтарын 55,8%-ы біледі және 38%-ы білмейді. Бұдан, респонденттердің өздерінің болашақ мамандықтары бойынша жоғары кәсіби біліктілік алатындықтары туралы жақсы ақпарат алғандары белгілі және осы мамандық бойынша болашақта жұмысқа орналасу қиындық тудырмайтындарына сенімді екенін байқадық.

Респонденттердің басым көпшілігі (69,2%) кәсіби білім беруді жалғастыру мүмкіндігіне қатысты жауап беруге қиындық туғызатындығы белгілі бір алаңдаушылық туғызады. Респонденттердің 3,5%-ы ғана кәсіптік өсу үшін не істеу керектігін білсе, 17,5%-ы білмейді.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, сұхбаттасқан студенттердің өздерінің кәсіби дамуының айқын көрінісі жоқ.

«Сіздің мамандығыңыз жұмыссыз қалудан кепіл бола алады ма» деген сұраққа респонденттердің 40%-ы бүгінгі күні жоғары білім туралы дипломның болуы жұмыссыздықтан қорғай алмайды, ал 42,5% - керісінше сенімді.

Диаграмма №16. «Сіздің мамандығыңыз жұмыссыз қалудан кепіл бола алады ма?» деген сұраққа 2000, 2003, 2018 жж. бойынша жауаптар.




2000 және 2003 жылдары «Сіздің мамандығыңыз жұмыссыздықтан қорғауды қамтамасыз етеді ме?» деген сұраққа респонденттердің 60% жуығы бүгінгі күні жоғары білім туралы диплом жұмыссыздыққа қарсы кепілдік, деп жауап берсе, 2018 жылы тек 40%-ы ғана жауап берді.

Егер 2000 және 2003 жылдары Жоғары білім туралы диплом жұмыссыздықтың кепілі бола алмайды деген сұраққа респонденттердің үштен бірі жауап берсе, 2018 жылы 42,5%-ға өсті.

Респонденттер мамандық бойынша жұмысқа орналасу үшін ЖОО-дағы алған кәсіби білімдері туралы дипломдары мен дағдылары деңгейлерінен бсқа да құраушылардың қажет екенін түсінеді.

Диаграмма № 17 Респонденттердің «Қалай деп ойлайсыз, оқу барысында алған білімдеріңіз бен дағдыларыңыздың деңгейі оқу мекемелері мен кәсіпорындардың талабына сай келе ме?» сұрағына жауабы



Диаграммадан студенттердің жартысынан астамы (55,8%) өздерінің оқу барысында алған білімі, дағдылары мен жұмысқа қойылған талаптарға жауап беретініне сенімді.

«Оқу орнын бітіргенен кейін барлығы өз мамандығы бойынша жұмыс жасайды деп айта алмаймын. Кейбіреулер грант болғанан кейін оқи салдым дейді, кейбір кезде ата-аналар таңдауға ықпал етеді. Бітіргенен кейін өзінің жақсы көретін жұмысына кетіп қалады, ал диплом жай қалады. Қыздар көбіне өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге тырысады», ПИП, 1 курс магистрантура, Әсел.

«Ең бастысы адам өз алдына мақсат қойса жұмыс табылады. ҚызПУ-ның дипломымен жұмысқа орналасу қиындық тудырады деген пікірмен келіспейміз», Әсия.

«Бітіргеннен кейін жұмыс табу қиын», ПИП, 3 курс, Толғанай.

«Біздің мамандық бойынша жұмыс табу қиынға соқпайды. Қазақстанда балабақша саны өте көп. Бірақ, бір қиындық туындауы мүмкін, ол біздің тәжірибеміздің жоқтығы», ПИП, 1 курс студенті, Кәмшат.

Сауалнама көрсеткіші бойынша

Сауалнамаға жауап берген студенттер үшін университет таңдау қалыпты болғанымен, студенттердің жартысы білім алу кезінде ЖОО-ны мен мамандыққа деген қызығушылықтары төмендеген. Оған себеп:

- ҚазМемҚызПУ студенттері ЖОО-на негізінен диплом алу үшін түседі;

- студенттер болашақ мамандықтарын таңдауда әлі бір шешімге келмеген, өйткені олар университет бітіргеннен кейін немен айналысатындары туралы түсінбейді және білмейді.

Өкінішке орай, Қазақстан еңбек нарығындағы сұраныстар туралы ақпараттың аздығы жастардың мамандық таңдау мен жұмысқа орналасуларына өз кедергісін тигізеді.

Бірақ, осындай белгісіздік жас қыздарға мамандық пен оқу орнын таңдау жасауда оптимист болуға мүмкіндік тудырады, олар өздерінің таңдаған мамандықтары бойынша жұмыс таба алатындықтарына сенімді. Оқуларын бітіргеннен кейін олар Алматыда қалып, осы жерде жұмыс тауып, Алматы тұрғыны болуға барлық күштерін салады.


Көптеген беделді университеттерге тән отбасылық дәстүр мамандық таңдауға еш әсер етпейді.

Оқу барысында студенттер нарықтық экономика жағдайында бәсекеге қабілетті болу үшін қажетті кәсіби дағдыларға ие болады. Бірақ, шын мәнінде жұмысқа орналасу кезіндегі кездесетін қиындықтар, түлектерді басқа мамандық алуға және де т.б. мәжбүрлейді, сонымен қатар өз мамандығы бойынша айқындалуға мүмкіндік болмағаннан кейін психологиялық қиындықтарға кездеседі.

3.5 Оқу жағдайы

Оқу процесінде маманың - шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру маңызды рөл атқарады, ол көбінесе университеттегі қол жетімді жағдайларға байланысты және студенттердің жағдайға қаншалықты қанағаттанатындығына байланысты. Осы сауалға жауап алу үшін студенттерге «Оқыту шарттарына қанағаттанасыз ба?» деген сұрақ қойылды.

Диаграмма №18 . Оқу жағдайына студенттердің қанағаттану деңгейі?



Оқу-әдістемелік жабдық: университет кітапханасындағы оқу және әдістемелік әдебиеттерге қол жеткізу деңгейіне респонденттердің 72,5%-ы қанағаттанатындықтарын көрсетті.

Оқу-зерттеу базасы: оқу аудиторияларының жабдыкталуы және зертханалардың заманауи техникаларымен жабдыкталғанына 30%-ы қанағаттанатындықтарын көрсетті, 41,7% орташа, 28,3%-ы қанағаттанбайтындықтарын айтты.

53,6% әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің студенттері мен 26,1% қазақ филологиясы факультеттерінің студенттері оқу аудиторияларының жабдыкталуына көңілдері толмайтындығын білдірді.

№9 кесте. Оқу аудиториялардың, зертханалардың заманға сай техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі Сізді қанағаттандыра ма? (факультеттер бойынша)

Факультеттер	Ия	Орташа	Жоқ
Физика-математика	37,9%	51,7%	10,3%
Әлеуметтік-гуманитарлық	3,6%	42,9%	53,6%
Қазақ филологиясы және әлем	47,8%	26,1%	26,1%

тілдері			
Педагогика және психология	31,8%	50%	18,2%
Өнер және мәдениет	42,9%	42,9%	14,3%
Жаратылыстану	0	100%	0

Респонденттердің 40%-ы университеттегі заманауи ақпараттық технологиялардың (компьютерлермен жұмыс істеу мүмкіндігі, интернет ресурстарды қолдану мүмкіндігі) қол жетімділік деңгейіне көңілдері толатындықтарын көрсетті, ал 41,7%-ы орташа деп белгілесе, 28,3%-ы қанағаттанбайтыдықтарын көрсетті.

Респонденттердің 37,5%-ы Оқу-аудиториялардың, зертханалардың санитарлық-гигиеналық жағдайына көңілдері толады, ал 40,8% орташа деп бағалады.

Студенттердің 48,3%-ы асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайына жағымды баға берді, ал 19,2%-ы төмен, 32,5%-ы орташа деп белгіледі.

Респонденттердің 17,5%-ы қоғамдық дәретханалардың санитарлық-гигиеналық жағдайына көңілдері толатындықтарын білдірді, ал 41,7%-ы төмен, және 40,8%-ы орташа баға берді.

Жатақханалардағы тұрмыстық жағдай: Басқа қаладан келген студенттер үшін жатақханадағы тұрмыс жағдайлары академиялық жетістіктің кілті және үйден алыстау жағдайына қалыпты бейімделу болып табылады. Жатақханадағы тұрмыстық жағдайға көңілі толатындар саны 45,8%, жағдайды нашар деп белгілегендер - 27,5%-ы орташа деп - 26,7%.

«Оқу орны, асхана, кітапхана, жатақхана барлығы бір жерде орналасқаны ұнайды», қазақ филологиясы факультеті, 1 курс, Назира; ПИП, 3 курс, Малика; ПИП, 1 курс, Кәмшат; ПИП, 1 курс, Айым; физико-математикалық факультеті, 1 курс, Гүлжаһан; ПИП, 1 курс, Гүлзат; ПИП, 1 курс, Аян; физико-математикалық факультеті, 2 курс, Ұлпан.

«Компьютерлік сыныптардағы компьютер жабдықтары дұрыс істемейді, аудиториядағы компьютерлер дұрыс істемейді», Әсия.

«Техникалық құралдармен жақсы жабдықталған оқу орнына ауысасың ба десе, ауысатын едім», Жаратылыстану факультеті, Әлия.

«Білім алатын корпустарды көбейту керек. Бізге аудиториялар жетіспейді. Корпустың жер төлесінде оқытады. Дайындаған презентацияларыңды көрсетуге тақта қосылмайды немесе дұрыс істемейді», Қымбат.

«Асхана мінсіз емес. Меню сапасы ұнамайды. Корпустағы дәретханалар нашар», физика мамандығының 3 курс студенті, Әлия.

«Электронды тақта тұр бірақ мүлде жұмыс жасамайды. Әр этажда компьютерлермен қамтамасыз етіп, ғаламторға мүмкіндік болса деп едім, өйткені сабақтың арасындағы бос уақыттарда не істерімізді білмей қаламыз», Қазақ филологиясы, шет тілдер мамандығы, 3 курс, Нүриә, 2 курс, Асемгүл.

«Университетте қоңырау болғанын қалаймын. Біз сабақтың аяқталып екінші сабақтың басталып кеткенін білмей қаламыз», Қазақ филологиясы, 2 курс, Асемгүл.

«Кітапхана жағы көңілімнен онша шықпайды. Мен оқу залына келіп оқимын, бірақ тапсырыс берген кітаптарымды тауып бермейді. Абонементте қажетті кітаптар жоқ. Мұғалімдер тауып кел деген кітаптар жоқ. Кітапханада өзіміздің оқытушылардың ғана кітаптары кездеседі», физика мамандығының 3 курс студенті, Әлия.

«Оқулық тапшы, тіпті мүлдем жоқ деуге болады. Жаңа пәндер кіріп жатыр, бірақ барлығы орыс тілінде, мәліметтерді орыс тілінде аламыз», Жаратылыстану, биология 1 курс, Әлия, ПИП, 1 курс, Құралай.

«Оқу барысында керек реактивтер жоқ», ЕГФ, 2 курс, Зилола.

«Сабақ арасында бос уақыттар болған кезде, орындықтар жетіспейді, мысалы ескі ғимаратқа пуфиктер немесе орындықтар қойып қойса», Қазақ филология әлем тілдері, шет тілдер мамандығының 3 курс, Нұрилә.

«Үйде тұратындарға стипендияны толық берсе деп ойлаймын», Педагогика және психология 1 курс студенттері, Сымбат, Айым, Ақжан, Аида.

«Студсоветтің үстемдік көрсеткендері ұнамайды», ПИП, 1 курс, Құралай.

«Бірақ бір минус бар - №7 жатақханада отбасын құрған бірнеше жұптар тұрады», Екі шет тілі, Әйгерім.

«Кемшілігі жатақханадағы тоқ көздерінің жетіспеушілігі. Қалғанының барлығы жақсы», Жансая, ЕГФ, 2 курс, Зилола, Физика, 2 курс, Ұлпан

Студенттердің ҚазМемҚызПУ-дағы білім алуда белгілеген жағымды жақтарға, оқу корпустарының, кітапхананың, асхананың бір-біріне жақын орналасуы.

Жатақханада тұратын студенттер үшін өте күрделі жағдайлардың бірі жатақханаларына түнгі уақытта кіру – 22.00-ге дейін шектелудегі қатал тәртіп студенттер үшін қиындық тудырады. Олардың қосымша жұмыстарда кідіріп қалуы мен жеке өмірлерін есепке алмайды.

Респонденттердің көпшілігінің аудиторияларды материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, кітапхана қорындағы қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттердің жоқтығы көңілдерінен шықпайды. Сонымен қатар сабақтар арасында болатын бос уақыттарда келесі сабақты күтіп отыруға арналған орындықтардың болмауы, мәдени іс-шаралардың болмауы үлкен мәселе болып отыр.

Оқу-аудиториялардың, асхананың және қоғамдық дәретханалардың жағдайы да студенттердің көңілінен шықпайды.

Әлеуметтік сауалнама нәтижелері университеттің материалдық-техникалық базасын жаңғырту, зертханаларды заманауи зертханалық жабдықтармен жабдықтау, қоғамдық тамақтану орындарының сапасын арттыру, заманауи талаптарға сәйкес кітапханаларды дамыту, студенттерге демалыс аймағын жабдықтау және қоғамдық дәретханалардың санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарту қажеттілігін растайды.

3.6 Академиялық ұтқырлық

Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың білім алуға басқа білім беру мекемелеріне байланысты өз ЖОО-да кредиттік жүйеге негізделген білім беру бағдарламасының міндетті қайта сынақтан өту тәртібіне және ережеге сәйкес семестр немесе оқу жылына белгілі академиялық кезеңге өтуі.

Академиялық ұтқырлық сыртқы (халықаралық) және ішкі (ұлттық) академиялық ұтқырлық болып ажыратылады. Сыртқы академиялық ұтқырлық – шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу, оқытушы-зерттеушілердің білім беру салалары мен ғылыми мекемелердегі қызметі. Ішкі академиялық ұтқырлық - білім алушылардың, оқытушы-зерттеушілердің Қазақстанның беделді жоғары оқу орындарында білім алуы, қызмет етуі.

Зерттеу барысында алынған мәліметтерге сәйкес, мемлекет тарапынан академиялық ұтқырлық бағдарламаларын белсенді қолдауға қарамастан, респонденттердің көпшілігі осы бағдарламаларға қатысуға мүмкіндіктері бар екенін білмейді. Респонденттер академиялық ұтқырлық туралы ақпаратты әр түрлі көздерден алады, негізінен ғаламтор-көздерінен - 44,2%, достар мен таныстардан - 26,7%, осыған қатысты ұйымдар мен қорлардан 11,7% және 11,7% -ы ешқандай ақпарат алмаған.

120 респонденттердің ішінде шетелдерде білім алғандары тек қана 7 студент: 2 студент АҚШ-та, 1-уі ОА-1 және 1 – Ресейде

Сонымен қатар сұхбат жүргізілген қыздардың көпшілігі халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламаларына және келесі елдердегі университеттерге қатысқылары келеді:

Диаграмма №19.





Диаграмма №20. Респонденттердің «Академиялық ұтқырлық туралы ақпаратты Сіз қандай деректерден аласыз?» деген сұраққа жауаптары:



«Боллон үдерісі бойынша, кез келген студент шетелге шығып білім алмасу мен практикадан өтуге болады. Менің тобымның 50 пайызы қазір шетелде білім алмасуда, мәселен Қытайда, Америкада, Польшада және де бұл біз үшін өте үлкен мүмкіндік», Екі шет тілі, Әйгерім.

«Арнайы кабинеттер жабдықталған болса деп ойлаймыз. Шетелден келген носители языка сабақ берсе деген талабымыз бар», Қазақ филология әлем тілдері, шет тілдер мамандығының 3 курс, Нұрилә.

Зерттеу көрсеткендей, студенттердің оннан бір бөлігі академиялық ұтқырлықпен айналысатын ұйымдар мен қорлардан ақпарат алады. Олардың төрттен бірі достары мен таныстарынан ақпарат алады. 44%-ы өздерінің ғаламтор-көздерінен ақпарат іздейді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысқысы келетіндер көп: 69,2% АҚШ университеттеріне, 30% Еуроодақ университеттеріне, 26% араб елдеріне барғысы келеді. Студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуына қиындық тудыратын негізгі себептер:

- тілдік кедергілер;


- материалдық қиындықтар;
- академиялық ұтқырылықтан өту туралы ақпараттардың аздығы.

3.7 Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары кез-келген университеттердің негізгі білім беру қызметі болып табылады және мамандар дайындауда ерекше орын алады. ҒЗЖ студенттердің танымдылық қызметтерін дамытады, мамандықтары бойынша шығармашылық тұрғыда игеруге әсер етеді, құзыреттілікті қалыптастырады.

Бүгінгі таңда, жалпы жұмыссыздық аясында өз беделін жоғалтқан ғылыми қызмет, ауыл жастарының алдында өз беделін қайта қалпына келтірді деп айтуға болады. Соған қарамастан, университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырушылар жастардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысуға бастама көтермейтіндіктеріне куә болып отыр, оның себептері: ғылыми зерттеулер жүргізуге ынталандырудың жоқтығы және т.б. м. жиі кездеседі.

Диаграмма №21. Респонденттердің «Сіз университетте ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқыңыз келе ме?» жауаптары:



Зерттеулер нәтижесінен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытпайтынын байқадық. 5 балдық шкала бойынша ғылымға деген ынталарын қанағаттандыралықтай (29,2%) бағалап отыр. Дегенменде, респонденттердің 32,5% университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысқысы келетіндіктерін көрсетті, ал 30,8% болашақта ғылыми-жұмыстармен айналысатындарын байқатты. Қорыта айтқанда респонденттердің жартысынан көбі ҒЗЖ айналысуға қызығушылық танытқан. Тек 14,2%-ы ғана ҒЗЖ-н айналысқылары келмейтіндігін білдірді, ал 6,7% ғылыммен айналысуға дайын емеспіз деп жауап берді. 2,5%-ы ғылыми өмір тек формальды сипатта деп белгілесе, 12,5% жауап беруге қиналатындықтарын белгіледі.

Диаграмма №22. Респонденттердің «Өзіңіздің ғылыми-зерттеу белсенділігіңізді қалай бағалайсыз (1-ден 5-ке дейін)?», (1 – нашар, 5 – өте жақсы) жауаптары:






Диаграмма №23. Респонденттердің «Ғылыми жетекшіңізбен қарым-қатынасыңызды (1-ден 5-ке дейін)?», (1 – нашар, 5 – өте жақсы) жауаптары:



Курстық және дипломдық жұмыстар жазған кезде студенттердің ғылыми жетекшілерімен өзара қарым-қатынастары ерекше орынға ие, өйткені сол қадам арқылы олар үлкен ғылыми зерттеулер әлеміне қадам басады. Сонымен респонденттердің 20,8%-ы ғылыми жетекшілермен қарым-қатынасы «өте жақсы», 22,5% «жақсы» деп белгіледі. Бұл жауап нәтижесінен біз студенттердің ғылыми жетекшілерімен тығыз байланыста екенін анықтадық.

Диаграмма №24. Респонденттердің «Ғылыми-зерттеу бөліміңізбен қарым-қатынасыңызды қалай бағалайсыз (1-ден 5-ке дейін)?», (1 – нашар, 5 – өте жақсы) жауаптары:



Студенттердің ғылым бөлімімен қарым-қатынастың «жақсы» деп - 25,4%-ы белгілесе, 23,3%-ы «қанағаттандырарлық» деп жауап берді.

Кесте №10. Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуына студенттердің берген бағасы төменде келтірілген:

Факультеттер	жауаптары	%
Қазақ филологиясы	қанағаттандырарлық	30,4%
Физико-математикалық	жақсы	31%
Әлеуметтік-гуманитарлық	жаман	28,2%
Педагогика және психология	жаман	40,9
Өнер және мәдениет	жақсы	42,9%
Жаратылыстану	қанағаттандырарлық	100%

Өнер және мәдениет пен физика-математика факультеттерінің студенттерінің 42,9% және 31% ҒЗЖ ұйымдастыру деңгейіне жақсы деген баға берді, жаратылыстану факультетінің студенттері - 100%-ы және қазақ филологиясы факультеті 30,4%-ы қанағаттандырарлық деп жауап берсе, педагогика және психология мен әлеуметтік-гуманитарлық факультет студенттері 40,9% және 28,2%-ы «деңгейі төмен» жауапты белгіледі.

№25 диаграмма. Респонденттердің «Университеттегі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуын қалай бағалайсыз (1-ден 5-ке дейін)?», (1 – өте нашар, 2 – нашар, 3 – қанағаттанарлық, 4 – жақсы, 5 – өте жақсы) жауаптары:





Диаграмма №26. Респонденттердің «Университеттегі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуы үшін жасалған жағдайларды қалай бағалайсыз (1-ден 5-ке дейін)?», (1 – өте нашар, 2 – нашар, 3 – қанағаттанарлық, 4 – жақсы, 5 – өте жақсы) жауаптары:




№11. кесте. Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу жағдайын келесідей бағалады:

факультеттер	жауаптары	%
Қазақ филологиясы	өте жаман	32,6%
Физика-математикалық	жақсы	37,9%
Әлеуметтік-гуманитарлық	қанағаттандырарлық	28,6%
Педагогика және психология	өте жаман	36,4%
Өнер және мәдениет	өте жаман және қанағаттандырарлық	28,6%
Жаратылыстану	қанағаттандырарлық	100%


Тұтастай алғанда, сауалнамаға қатысқан студенттердің үштен бірінен астамы (33,36%) студенттердің қабілеттерін дамытуға, креативті және шығармашылық ойлауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу орташа деңгейде жүргізілетініне сенімді. Университеттегі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары студенттердің 10,8%-ы ғана «өте жақсы» деп бағалады.

Диаграмма №27. Респонденттердің «Университетіңіздің заманға сай ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілу деңгейі (компьютерлер, Ғаламтор және т.б.), (1-ден 5-ке дейін)?», (1 – өте нашар, 2 – нашар, 3 – қанағаттанарлық, 4 – жақсы, 5 – өте жақсы) жауаптары:



Қазіргі заманғы кәсіби дерекқорлар мен ақпараттық анықтамалық жүйелерге қол жеткізу мүмкіндігі респонденттердің 16,7% «өте жақсы» және 19,2% «жақсы» деп бағалады. Бұл, ең алдымен, ақпарат пен материалдардың жетіспеушілігін сезіну үшін көптеген зерттеушілердің зерттеу жұмыстарына терең бойламайтындықтарын байқатады. Респонденттердің тек 19,2% -ы бұл мүмкіндікті «өте нашар» деп бағалады.


Диаграмма №28. Респонденттердің «Ғылыми үйірмелер мен клубтардың жұмысына қандай баға бересіз (1-ден 5-ке дейін)?», (1 – өте нашар, 2 – нашар, 3 – қанағаттанарлық, 4 – жақсы, 5 – өте жақсы)



Ғылыми клубтар мен үйірмелер жас зерттеушілердің күшін ғылыми аяндарға аударуға бағытталға, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға, ғылыми жұмыстарды ұйымдастыруға алғашқы ғылыми дағдыларын қалыптастыруға арналған.

Университеттегі ғылыми клубтар мен топтар өздеріне жүктелген міндеттерді атқаруы төмен екенін айта кеткен жөн, сондықтанда, респонденттердің 19,2% бұл әрекетті «өте нашар», 12,5% «жаман», 30% «қанағаттанарлық» деп бағалады. Студенттердің ғылыми үйірмелерінің қызметі кең таралмаған және тиісінше, оған жеке қатысуы респонденттердің аз үлесіне құраған.

Диаграмма №29. Респонденттердің «Жас ғалымдар кеңесінің жұмысын қалай бағалайсыздар (1-ден 5-ке дейін)?», (1 – өте нашар, 2 – нашар, 3 – қанағаттанарлық, 4 – жақсы, 5 – өте жақсы)



Респонденттердің 27,5%-ы Жас ғалымдар Кеңесінің жұмысын «қанағаттанарлық» деп бағалады. Респонденттердің көпшілігі Жас ғалымдар Кеңесінің жұмысымен таныс емес, өйткені бұл кеңес магистранттардың жұмысына бағытталған.

Диаграмма № 30. Басқа ЖОО-да өткен конференцияларға қатысу бес балдық шкала бойынша, (1 – өте нашар, 2 – нашар, 3 – қанағатанарлық, 4 – жақсы, 5 – өте жақсы отлучно)





Диаграмма № 31. Шетелдік ЖОО-да өткен конференцияларға қатысу бес балдық шкала бойынша, (1 – өте нашар, 2 – нашар, 3 – қанағатанарлық, 4 – жақсы, 5 – өте жақсы отлучно)



Ішкі және шетелдік конференцияларға қатысуы қыздардың өз білімдерін толықтыруға, дүниетанымын кеңейтуге, зерттеу нәтижелерін басқа университеттердің студенттерімен бөлісуге мүмкіндік береді. Отандық конференцияларға қатысу мүмкіндіктері мен ол туралы хабардар болуын респонденттер «жақсы» бағалады және ҚазМемҚызПУ студенттерінің шетел конференцияларына қатысу «қанағаттанарлық» деп бағалады.

«Студенттердің көңілін көбірек ғылымға аудару қажет. Жастар көбіне телефонда, әлеуметтік желілерде көп отырады. Ғылымға қызығушылық танытпайды. Студент қыздарға ғылыми жобалар жазу әдістерін үйретсе. Болашақта қажетті оқулықтарды қалай жазу керек, сол жағына баулыса. Үлкен еңбек жолы бар, білімді, білікті профессор ұстаздар сабақ бергенін қалаймын», Айдана.

Осылайша, респонденттер ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысып, олардың маңыздылығын түсінеді, бірақ олардың барлығы терең ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға дайын емес. Университеттегі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен қанағаттану деңгейін арттыру үшін келесі ұсыныстарды ұсынуға болады:

- студенттерді ақпараттандыруға қатысты жұмыстарды күшейту және СҒЗЖ-ға тарту;

- кафедра студенттердің жетекші ғалымдармен кездесулерін ұйымдастырып, қыздарды ғалымдардың жұмысымен таныстыру, студенттерге ғылыми орталықтар мен мекемелердің қызметіне қол жеткізу мүмкіндік жасау;

- Студенттердің зерттеушілік құзыреттілік деңгейлерін арттыруға байланысты тұрақты жұмыстар атқару. Зерттеу бағдарламаларын құрастыра білуіне ерекше мән беру қажет; ғылыми зерттеу (жалпы және арнайы) тәсілдері мен әдістерін игеру, сонымен қатар экспериментальды зерттеулерді ұйымдастырып, жүргізе білу, алынған нәтижелерді өңдеу, тенденцияларды анықтауға үйрету;

Студенттермен жүргізетін ҒЗЖ-ын бақылайтын бөлімшелерге:

- университеттің ішінде де, сыртында да ғылыми ізденістердің қайталануын болдырмау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі әрекеттерді күшейту, себебі көптеген студенттер әлі күнге дейін ғылыми жұмыстарды жартылай қайталауға болады деп есептейді;

- студенттерге ғылыми зерттеулер туралы ақпараттар тарату.

3.8 Университеттің оқудан тыс жұмысына қатысуы

Университеттің қоғамдық өміріне қатысу жұмыстары көбіне демалыс және сабақтан тыс іс-шараларды және т.б. ұйымдастыруға бағытталған. негізінен көңіл көтеретін іс шаралар.

Тұтас алғанда зерттеулер нәтижесі бойынша студенттердің көбі университеттің қоғамдық жұмыстарына қатысуға дайын емес және ниеттеріде жоқ [6]. Бірақ, Университеттің қоғамдық іс-шараларына респонденттердің 73,3%-ы қатысады екен, 75,8%-ы кинотеатрларға барғанды ұнатады, ал 75%-ына белгілі, көрнекті адамдармен кездескен ұнайды екен.

Бизнес-инкубатор жобасына (68,3%), дебаттарға (57,5%) қатысады. Келесі қызығушылық тудырмайтын іс-шаралардың бірі шығармашылық клуб-студиялары, респонденттердің (55,8%) құрады, спорттық іс-шараларды ұнатпайтындар (55%), үйірмелер мен секция жұмыстарын ұнатпайтындар саны (50,8%) құрады.

Студенттік конференцияларға қатыстыңыздар ма деген сауалға, барлық респонденттердің 48,3%-ы «иә» деп жауап берді, 41,7%-ы «жоқ», ал 12%-ы «қызықпаймын» деген жауаптарды белгіледі. Белгілі болғандай респонденттердің жартысынан көбі студенттік конференцияларға қатысуға қызығушылық танытпайды, бұл жауаптан біз тағы да ғылым тәлімгерлерге қызықты болғанымен, зерттеу жүргізу біліктіліктері, жағдай мен материалдық стимулдың төмендігі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуына кедергісін тигізіп отырғанын байқадық.

№12. кесте. Респонденттердің «Университеттің оқудан тыс жұмысына қатысасыз ба?» жауаптары:

Қатысу	Иә	Жоқ	Қызық емес
Студенттік ғылыми конференцияларға	48,3	41,7	10,0
шығармашылық клуб-студияларға	39,2	55,8	5,0
Үйірме және секция жұмыстарына	44,2	50,8	5
Қоғамдық іс-шараларға	73,3	20,8	5
Спорттық іс-шараларға	35	55	9,2
Кино мен театрларға бару	75,8	17,5	6,7
Start-up жобаларына	18,3	67,5	14,2
бизнес-инкубатор жобаларына	16,7	68,3	13,3
дебаттарға	29,2	57,5	12,5
Қызықты адамдармен кездесуге	75	19,2	5,8

«Университетімізде бір іс-шара ұйымдастыратын болсақ басы жақсы басталады, кейінен ол аяқсыз қалады», ПИП, 1 курс студенті, Аида.

«Осы оқу орнын да бір жастарға арналған бір ұйым ашайық десек қолдау таба алмаймыз. Тіпті болмаған кезде волонтерлық қозғалыс тобын ұйымдастырайық деп те ойладық, оған

бірнеше қыздарды алдық, бірақ университет тарапынан ол не үшін қажет деген сауалдар туындады», ПИП, 1 курс студенті, Сымбат.

«Біздің мақсатымыз студент қыздар қоғамдық жұмыстарда белсене қатысуы қызықтырды. Өйткені осы жердегі көптеген жатақханада жататын қыздар көбіне бөлмелерінен шықпайды. Ешқандай белсенділік танытпайды», ПИП, 1 курс студенті, Маржан.

Университеттің қоғамдық өміріне студенттердің қатысуы үшін басты мотивациялардың бірі жеке қызығушылық, шығармашылық ортада болу, өздерінің көшбасшылық коммуникативтік қасиеттерін дамыту болып табылады. Студенттердің қоғамдық жұмыстарға араласуына ақпараттың жетіспеушілігі, әлеуметтік қызметке қызығушылықтың жоқтығы, оқуды жұмыспен үйлестіру қажеттілігі, қарапайымдылық (ұялшақтық), университеттен тыс мүдделердің болуы, ұйымдастырушылық дағдылардың жоқтығы өз әсерін тигізеді.

Фокус-топтың қатысушыларының пікірінше, қоғамдық іс-шараларды ұйымдастырушылар (ППК, құрылымдық бөлімшелер, осы іс-шараларды жүзеге асыруға жауаптылар) ұйымдастырушылық жұмыстарға, әлеуметтік іс-шараларға көбінесе қайт-қайта тек белгілі бір студенттерді ғана тартатындығын айтып өтті.


Бұл жағдайдың бір қатар жағымсыз тұстары бар. Өйткені іс-шараларға қатысудың барлық студенттер үшін шектеулі болуы, олардың жеке шығармашылық таланттарының ашылмауы, басқа университеттің қоғамдық іс-шараларына қатыса алмауы, тәлімгерлердің ақпараттануларының төмен болуы, студенттердің бойындағы қызығушылықтарын төмендетеді. Осылайша университеттегі қоғамдық іс-шаралардың әлеуеті өзінің деңгейі мен сипатына қарамастан толығымен жүзеге аспайтындығын байқадық.

4. ГЕНДЕРЛІК САУАЛДАР

Студенттердің гендерлік мәселелер туралы хабардар болуы қоғамда өте маңызды, өйткені өздерінің жеке қабілеттерін дамытуға еркін таңдау жасауға және еркіндік жолында олардың бойында стереотиптер мен дәстүрлі гендерлік жүйелер қалыптасады.


Респонденттердің «Жоғарғы мансапқа жету әйелдердің өзіне байланысты деп санайсыз ба?» деген сауалға (90,8%) -ы «иә» деп жауап берді. Бұл жауапқа қарап біз респонденттердің көбісі қоғамдағы гендерлік мәселелер туралы анық білмейтіндігін байқадық.

Диаграмма №32. Респонденттердің «Жоғарғы мансапқа жету әйелдердің өзіне байланысты деп санайсыз ба?».




Сонымен бірге респонденттердің 29,2%-ы ер адамдар жоғары мансапқа қол жеткізуге кедергі болмайды деп санайды, ал 59,2% -ы күмәнданса, 11,7%-ы ерлердің әйелдердің мансапқа қол жеткізуге кедергі келтіретінін көрсетті. Студенттердің жауаптарына талдау жасасақ, теңсіздіктің жасырын түрлері туралы көбірек білетіндігін көрсетеді.

Диаграмма №33. Респонденттердің «Ерлер әйелдерді мансап жолына жібермейді?» жауаптары:




32,5% респонденттердің жауабы бойынша қазіргі кезде қаржылық мүмкіндіктер мен жынысқа қарамастан кез-келген адам мансапқа қол жеткізе алады, 30%-ы оған күмән келтіреді және 32,5% мүлдем келіспейді. Жауаптарға байланысты респонденттердің көбі әлі мұндай жағдайлармен, гендерлік кемсітушілікпен кездеспегенін байқаймыз.

Диаграмма №34. Респонденттердің «Қазір мансапты тек қалталы адам ғана жасай алады, әйел-ерлерге байланысты емес?» жауаптары:



Респонденттердің 40,8%-ы шешімді қабылдаудың барлық деңгейлерінде әйелдер көп болған жағдайда, өмірдің күрделенуі, бірақ қызықты әрі бәсекеге қабілетті болатынын, респонденттердің 28,3% -ы қоғамдағы психологиялық ахуалдың жақсаруын, 15,8% қоғамның психологиялық ахуалы нашарлады және 7,5% - қоғамда психологиялық климаттың атауы болмайды.

Диаграмма №35. Респонденттердің «Егер қоғамдық өмірдің әр саласындағы басқару орындарында әйелдер қазіргіден гөрі көбірек болған болса?» жауаптары:




Ішкі түйсік бойынша кез келген әр жас қыз өзін-өзі жоғары бағалайды, олар қоғамда қалыптасқан гендерлік қарым-қатынастарды қабылдамайды және гендерлік теңсіздікті мойындамайды. Олар әйелдер өз күш-жігерін жұмсайтын болса, қоғамдағы жақсы жағдайға қол жеткізе алатынына сенеді. Респонденттердің пікірінше, қоғамдық істерді басқаруға әйелдердің белсенді қатысуы өмірді әлдеқайда қызықты және бәсекеге қабілетті етеді.

5. ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ

5.1 Студенттердің өмірлік құндылықтары

Қыздардың құндылық бағдарларына деген қызығушылығы, бірінші кезекте, жас ұрпақтың құндылықтар жүйесі осы кезеңде қалыптасумен түсіндіріледі, тіпті қалыптасқан кезде тұрақтылықты сақтау үшін уақыт қажет, ал екіншіден, студенттер қаланың әлеуметтік-өндірістік күштері мен әлеуметтік топ ретінде қызығушылық танытуда маңызды орын алады.

Диаграмма №36. Респонденттердің «Өмірлік құндылықтардың Сіз үшін ең маңыздысын белгілеңіз?» жауаптары:



«Өмірлік құндылықтардың Сіз үшін ең маңыздысын белгілеңіз?» деген сұрақтың жауабы:

- респонденттердің көбі (32,5%) денсаулықты белгіледі;
- респонденттердің 24,2%-ы табысты кәсіби қызметке бағытталған;
- респонденттердің 20%-ы табысы материалдық игілікке қол жеткізуімен байланысты.

Отбасылық құндылықтар (18,3%) өмір бағдарларының иерархиясында төртінші орынды алады. Жағымды уақыт өткізу (13,3%), қабілеттерін дамыту (9,2%), адамдарды тану және құрметтеу құндылықтары (9,2%)-бен артта қалды.


Респонденттердің көбіне денсаулық өмірлік құндылықтардың ең маңыздысы екен. Студенттер үшін кәсіби мансап пен материалдық игілікке қол жеткізу демалыс пен көңілді уақыт өткізуге қарағанда маңызды екенін байқадық.

Осылайша, респонденттер дәстүрлі сападан бас тартпайды, оларды кейінгі өмірде қажет деп қабылдайды, бірақ батыстың менталитеті мен прагматизмі сияқты батылдықты сипаттайтын сипаттамаларға студенттердің нақты бағдары бар. Жастар өздерінің жетістіктерін қамтамасыз ететін және адамдар арасындағы дәстүрлі қарым-қатынастарды сақтайтын құндылықтарды біріктіруге ұмтылады.

5.2 Қазіргі қыздардың Качества современной женщины

Бұл бөлімде еліміздегі гендерлік теңсіздікті жеңу мүмкіндіктеріне байланысты студент жастардың гендерлік түсініктерінің ерекшеліктері мен стереотиптері қарастырылады.

Диаграмма №37. Респонденттердің «Сіздің ойыңызша, қазіргі қыздар қандай қасиеттерге ие болу керек?» жауаптары:



Батыс құндылықтары жас ұрпақтың санасына біртіндеп ене бастағанына қарамастан, сауалнамаға қатысушылардың 70%-ы әйелдер тәрбиелі болу керек деп санайды, жауаптан жас қыздардың дәстүрлі сана-сезімі қалыптасқандығын көрсетеді. 25,8%-ы қыздар сыпайы және ұқыпты болуы керек, 24,2%-ы іс-әрекеті үшін жауапты болғанын қалайды. Төменгі жолда

шығармашылық (1,7%), жанқиярлық (1,7%), табандылық (1,7%) сияқты сапа болды. Ал қыздар төзімділік (0%), көшбасшылық (0%), адалдық (0,8%) сияқты қасиеттерді қолдамауы алаңдаушылық тудырады.

«Ер адамдардың әйелдерден жалақысы көп болатын сияқты», Динара.

«Оқу, білімде ер адамның интеллектісі жоғары деп санаймын», Назерке.

«Менің отбасымда әкемнің айлығы жоғары. Анам өзі шешім қабылдамайды, әкемнің келісімімен жасайды. Шешімді әкем қабылдайды», Гаухар.

«Мен қарсымын, қоғамда теңсіздік жоқ. Отбасында әке шешім қабылдағанымен, анамыздың пікіріне сүйенеді», Айжан.

«Ондай жоғарғы орындарды әйелдер басқарған дұрыс болмайтын сияқты. Өйткені әйелдер эмоцияға беріледі. 70 те 30 пайызы ерлер басқарғанын қалаймын», Виолетта.

«Қазір әйел адамының орны отбасының қасында болуы керек. Мен үшін отбасы бірінші орында. Ер адамдар билікте болғанын қалаймын», Роза

«Қазақстанда ондай кедергі жоқ деп ойлаймын. Бірақ әйелдер өздеріне көп нәрсені алады. Ерлермен тең болсам деп жанталасады. Әйел адамы отбасында ғана отырсын деген ойдан аулақпын. Мамандығы бойынша жұмыс жасауы керек. Саясатта әйел адамдарының басшылық еткенін қаламаймы. Бәрібір ер адамдардың ойлау қабілеті шешім қабылдауы саясатқа жақын. Әйел адамдар эмоцияға көп беріледі», Адина.

«Ашық кедергі бар деп айта алмаймын. IT саласында көбінесе ер адамдар өйткені ер адамдардың математикаға, есепке қабілеті жоғары. Негізі қыз балалары отбасымен қатар алып жүретін мамандықты тандаса жақсы болар еді», Жансая.

«Билікті ер адам басқарғаны дұрыс деп ойлаймын. Өйткені әйел отбасының ұйытқысы. Бала тәрбиесіне көбірек көңіл бөлгені дұрыс деп ойлаймын», Жансая.

Жас қыздар қазіргі заманның шындығына сай келмейтін дәстүрлі түсініктерге ие. Олар патриархатқа жасырын түрде қолдау көрсетіп, дәстүрлі гендерлік сценарийлер негізінде өмірлік жоспарларын жасайды.

5. ДІН

Бүгінгі таңда дін этностық фактор ғана емес, сонымен қатар адамның әлеуметтік мінез-құлқын реттейтін қоғамның маңызды жүйесіне айналады.

Диаграмма №38. Респонденттердің «Құдайға сенесіз бе?» жауаптары:






Диаграмма №39. Респонденттердің «Сіз қандай діни бағытты ұстанасыз?» жауаптары:



Мониторинг арқылы діни дәстүрлерді ұстану дәрежесін көреміз, егер респонденттердің 93,3 пайызы өздерін дінге сенеміз деп санайтын болса, діни бірлестіктер туралы сұраққа жауаптардың 97,5%-ы исламды ұстанатынын көрсетті. Респонденттердің тек 0,8% сенер сенбесін білмейді, 3,3% - тылсым күштерге сенеді, 0,8% - атеист, 0,8% - дін туралы ақпарат жоқ.

Соңғы жиырма жылда жүргізіліп отырған мониторингтің негізінде қазақ халқының діни тұрғыдағы үлгісін қайта қалпына келтіруге болады: халықтың жартысынан көбі сенушілер ретінде діни өмір сүру талаптарына сай өмір сүрмейді. Құдайға сену, негізінен, жарияланған діни көзқарас ретінде көрінеді, ал мінез-құлық деңгейінде (мешіттерге бару, дінді ұстанымдарды орындау және т.б.) әлдеқайда аз байқалады.

Диаграмма №40. Респонденттердің «Сіз діни рәсімдерді, салт-дәстүрлерді (мешітке, шіркеуге бару, хиджаб кию, намаз оқу және т.б.) ұстанатын адамдарға қандай көзқарастасыз?»



«Сіз діни рәсімдерді, салт-дәстүрлерді (мешітке, шіркеуге бару, хиджаб кию, намаз оқу және т.б.) ұстанатын адамдарға қандай көзқарастасыз?» деген сұраққа: респонденттердің (83%) көбі дінге сенетін адамдардың таңдауын сыйлаймыз деп жауап берді. Сауалнамаға қатысқандардың 10% -ы діни әдет-ғұрыптарды, әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді ұстанатын адамдарға төзімділік танытпаса, олар 19%-ды бәрібір дейді, бұл фактілер өте көп. Күнделікті өмірде мұндай жағдайлар пайда болмайды, бірақ кейбір жағдайларда дәстүрлі емес ұйымдардың белсенді әрекеттері белгілі бір деструктивті әрекеттерге себепші болады.

Диаграмма №41. Респонденттердің: «Дәстүрлі емес діни ағымдардың идеяларын насихаттауға кезіктіңіз бе?» жауаптары:



Жас ұрпақтың сана-сезіміне әсер ететін діни көзқарастардың дәстүрлі емес ділі мен тәжірибесіне әсер етпейді.

Жас ұрпақтың мәдениеті мен діліне қарама-қайшы қазақ қоғамының әлемдік көзқарас кеңістігінде кейде пайда болатын дәстүрлі емес діни білім мен практиканың олардың сана-сезіміне әсерін ескермеуге болмайды. Дәстүрлі емес діни ағымдар туралы жастардың ақпараттандырылуы жағымды көрініс тапты, респонденттердің 87,5%-ы дәстүрлі емес діни ағымдарды уағыздаушыларды әлі кезіктірмедік деді. Респонденттердің 4,2%-ы діни әдебиеттердің таратушыларын кездестірсе, 3,3%-ы олардың ауызша уағызына шақырту алғанын белгіледі, ал респонденттердің 2%-ы олардың қызметі туралы ғаламтордан оқыған. Қыздар кездесетін түрлі діни ұйымдардың радикалдық дәрежесіне күмән келтіруге болады, өйткені күнделікті өмірде олар экстремизм көріністерін анықтай алмайды. Жауаптардың осылайша берілуі студенттердің құқықтық нормадан тыс шығып кететін нәрселермен күресу тәжірибесі бар екендігін көрсетеді.

Диаграмма №42. Респонденттердің «Егер олар төменде көрсетілген ұсыныстарды жасаса, Сіз радикалды діни топтарды қолдайсыз ба?» жауаптары:



Респонденттердің 56,7%-ы, қандай жағдай болмасын радикалды діни топтардың қызметін қолдамайды, өйткені олар діни фанаттар болып саналады, студенттердің 25,8%-ы тіпті ол туралы хабарлары жоқ болса, 12%-ы жауап беруге қиналатындықтарын айтты. Бұл жауаптарға қарап респонденттердің көбі дінге сенетіндіктерін байқадық және сонымен қатар басқа діндерге төзімділік танытып, теріс ағымдағы діндерге қарсы екендерін білдірді.

«Адам дүниеге келгенен ислам дінін қабылдау керек деп ойлаймын. Дұрыс ағымды ұстану керек. Хиджаб, жабынып жүруге тыйым сала алмаймын. Қыз баланың ашық-шашық киінгеніне қарсымын. Әурет жерін көрсетпей жабық киінгенді құптаймын. Сонда ол отбасының және ата-анасының абыройын қорғайды. Қызды қырық үйден тыйу керек. Ислам дініне қарсы емеспін», 1 курс студенті, Арайлым.

«Мен ислам дініне сенемін. Мен хиджаб киюіге қарсымын. Кейбір ер адамдар әйелдеріне хиджаб киуді міндеттейді. Мен оған қарсымын, өйткені әйелі кигісі келмесе, оның пікірімен келісу керек», 2 курс студенті, Қымбат.

«Әркімнің өз қалауы қай дінге сенеді. Хиджаб киюі мәселесіне келсек, бұл жерде дін мәселесі дұрыс жолға қойылмағандықтан болатын шығар», 2 курс студенті, Айдана.

«Орамал таққанға қарсы емеспін. Сақалын өсірген және қысқа балақты ер адамдар өзіме қорқыныш тудырады. Дұрыс дінге сенген дұрыс», ӘГФ, 3 курс студенті, Ақтоты.

«Теріс ағымдағы діндерге қарсымын. Намаз оқуға қарсы емеспін, хиджабқа қарсымын», ӘГФ, 3 курс студенті, Анар.


«Қазір бес уақыт намаз оқимын. Ораза ұстаймын. Анамда ұстанады. Бірақ оранып киінуге рұқсат берген жоқ. Тура жолда жүрсе барлығы жарасады», Роза.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қалыптасқан діни ахуалды өзгертуге біршама жағдай жасалуда. Тәуелсіздік жылдары халықтың санасында діни рөлдердің қайта бағалануы жүзеге асты, рухани және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды діни институттармен байланыстырады. Зерттеулер нәтижесінен жас қыздардың басым көпшілігі дінге сенеді, бірақ олар қалыпты діни қасиеттермен ерекшеленеді және, әдетте, радикалды және дәстүрлі емес діни қоғамдардың, жалған діни ұйымдардың қызметіне қатыспайтындығы анықталды.

6. НЕКЕГЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Отбасына деген көзқарас қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестерге байланысты өзгереді. Ғасырдың соңғы ширегінде біз жастардың отбасылық және некеге деген қарым-қатынастарындағы өзгерістерді байқадық. Зерттеу материалдарындағы неке нысандарына қатысты көзқарастардың өзгергенін байқауға болады.

Диаграмма № 43. Респонденттердің «Қандай неке түрі заңды деп есептейсіз?» жауаптары:



Зерттеу нәтижелерінен респонденттердің басым көпшілігі заңды мемлекеттік және шариғат жолымен қиылған некені дұрыс деп қабылдайтындар саны (79,2%) құрады, ал 10%-ы Шариғат жолымен неке қиюды және 10%-ы «мемлекеттік заңды жолмен қиылған некені» белгіледі.

Отбасының құндылығын ата-аналар қалыптастырады, қыздар некеге тұрмай жас жігітпен қарым-қатынас құру үлкен қиындықтарға соғатынын, білім алуды жалғастырудан бас тарту, қажетсіз жүктілік және т.б. сияқты үлкен қиындықтармен байланысты екенін түсінеді [5].

Респонденттердің жартысынан көбі жүктілік барысында ананың денсаулығына қауіп төніп тұрса, бала физикалық тұрғыдан толыққанды дүниеге келе алмаса жүктілікті үзуге болады деп белгіледі. Олардың жауаптары бойынша ең маңыздысы ана мен баланың өмірі болып табылады.

Тек 8,3%-ы әйел тұрмыста болған жағдайда ғана бала көтерген жөн деп санайды. Бұл жауаптан биз әйелдер ең алдымен ол ана деген дәстүрлі көзқарастардың басым екенін аңғартады. Жүктілікті үзу себептерінің бірі жұбайлар енді балалы болуды қаламаған жағдайды респонденттердің 6,7%-ы белгіледі.

Ойлардың осылай қалыптасуы қазақ қоғамындағы баланың жоғары құндылыққа ие екенін аңғартады.

7.1. Шетел азаматтарына тұрмысқа шығу

Шетел азаматтарына тұрмысқа шығудың басты себептерін келесідей көрсеткіштерден көре аламыз: респонденттердің төрттен бір бөлігі Шетелде өмір сүруге деген құштарлық пен Махаббат шетел азаматына тұрмысқа шығуға итермелейді деп санайды, 22,5%-ы материалдық қызығушылық, ал 13,3%-ы ұлттық бірегейліктің төмендігін белгілеген.

«Мен қарсымын. Шетелдік жігітке күйеуге шыққан қыздарды түсінбеймін. Маған ол нәрсе жиркенішті. Материалдық жағдайын жақсарту үшін шығады», ЕГФ, 3 курс, Айдана.

«Мен үшін барлық ұлт тең. Бөлгім келмейді. Бірақ мен түбегейлі қарсымын. Қазақ қызы қазақ жігітіне шығу керек. Мен қарсымын», ӘГФ, 3 курс студенті, Анар.

«Қыздар шетелдік жігіттерге махаббатпен шығып кетеді. Материалдық жағдайын жақсартқысы келетіндер де бар», ӘГФ, 3 курс студенті, Арайлым.


«Менің айналада ондай жағдай болмады, сол себепті жауап бере алмаймын», Арай.

Жауаптар нәтижесінен сұраққа жауап бергендердің көбісі әлі бұндай жағдайға ұшырамағанын көрініп тұр. Сегрегация ответов свидетельствует о том, что большинство опрошенных еще не сталкивалось с подобной ситуацией.

8. Бос уақыт

Дұрыс ұйымдастырылған бос уақыт студенттік жастардың өмірлік маңызды салаларының бірі болып табылады, өйткені ол жастардың даму деңгейіне тікелей әсер етеді, оның шығармашылық әлеуетін жоғарлатады және адамның кәсіби дамуына бағытталады.

Диаграмма № 44. Респонденттердің «Бос уақыттарыңызды қалай өткізесіздер?» жауабы:



Бос уақытты ұйымдастыру мәселесі қазақстандық жастардың интернет желісін әлеуметтік желілерде бос уақыттарда пайдалануды қалайтындығына байланысты - 70%. Интернет бір жағынан қарым-қатынас үшін жаңа мүмкіндіктер береді, ал екінші жағынан, әлеуметтік желілерде үнемі «отыру» жастардың нәзік сана-сезімін улайды, соның ішінде әлеуметтендіруге теріс әсер етеді.

Жас қыздардың достарымын кездесулері сияқты бос уақыттарын қарапайым немесе дәстүрлі түрде өткізуі (25,8%)-ы құраса отбасымен өткізу уақыты одан төмен (16,7%-ы) құрайды.

Бос уақытты таңдау, киноға, театрға бару (5,8%), көңілді өткізу (6,7%), спорт (2,5%) студенттер үшін қол жетімді емес. Бәрінен де маңыздысы ғылыми жобаларға қатысулары 3,3%-ы құрайды, бұл көрсеткіш төмен.

«Аққу» бассейніне қатысқысы келетін қыздар бар, бірақ сабақ кестесі дұрыс жоспарланбағандықтан бара алмайды», Қазақ филология әлем тілдері, шет тілдер мамандығының 3 курс, Нұрилә.

«Студенттерге арналған іс-шаралар өте аз өтеді», қазақ филологиясы, 2 курс, Нұрай; қазақ филологиясы, 1 курс, Аруна.

«Бос уақытымда әлеуметтік желіде отырамын. Кейде ғана кітап оқимын. Ал жазғы және қысқы демалыс кезінде жұмыс жасаймын». ӘГФ, 3 курс студенті, Ақтоты.

«Әлеуметтік желіде отырамын, достарыммен қыдырамын. Сенбі мен жексенбі күні жұмыс істеймін», ӘГФ, 3 курс студенті, Динара.

«Қосымша курсқа баратын едім. Косметология жағынан үйрену, ағылшын және түрік тіліне жазылатын едім. Биге де қатысқым келеді», ӘГФ, 3 курс студенті, Гүлнұр.

«Тілдерді дамыту курстарына жазылатын едім. Шетелге шықым келеді», ӘГФ 3 курс студенті, Ақтоты.

«Бос уақытым болса жұмыс істейтін едім», ЕГФ 3 курс, Айдана.

«Ағылшын тілі курсына жазылатын едім», ӘГФ, 3 курс студенті, Анар.

«Тілдік курстарға, салонное делоға жазылғым келеді», ӘГФ, 3 курс студенті, Арайлым.


«Жұмыс жасаймын. Аптасына 3 рет жаттығуға барамын. Мақалалар жазамын. Сурет салғанды қатты ұнатамын. Шеберханам болса қуанышты болар едім. Жұмыс жасағанға дейін әлеуметтік желіге көп уақытым кеткен еді. Қазір жұмысқа қажетті ақпараттар ғана аламын. Жатақханада жататын қыздардың барлығы тек әлеуметтік желіге байланып қалған. Ешқайда шыққысы келмейді», Виолетта.

Әлеуметтік және мәдени (үйден тыс жерде болуы) іс-шаралар демалудың толық құндылығының белгісі болғанына қарамастан, жас қыздар қосымша қаржы шығындарын талап етпейтін бос уақыттың белсенді емес нысандарын қалайды. Жастардың әлеуметтік-мәдени жағдайлары шығармашылық дамудың басымдылықтарының жоғалуы, жалпы алғанда өзін-өзі дамыту және көңіл көтерудің пассивті түрлеріне баса назар аудару арқылы сипатталады.

9. СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Қоғамның саяси өміріне жастардың қатысуы саяси жүйеде жеке адамның мүдделерін білдіруге қаншалықты ашық екенін көрсетеді, бұл өмір саласының қарапайым азаматтардың, қарапайым адамдардың мүдделерін қанағаттандыра алатындығын көрсетеді. Қазақстандық қыздар, барлық жастар секілді, біртекті емес және белгілі бір әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардан ғана емес, сондай-ақ олардың елдің саясатына көзқарасы мен оған қатысуын бағалаумен ерекшеленеді.

Диаграмма №45. Респонденттердің «Достарыңыздың ортасында саяси мәселелерді жиі талқыласыздар ма?» деген сұраққа жауаптары:




Респонденттердің көбі 21,7%-ы достарымен үнемі саяси мәселелерді талқылайды, 55% - кейде, 10,8%-ы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне ешқандай қызығушылық танытпайды, ал 10%-ы достарымен осы тақырыпта әңгімелеседі ме, жоқ па білмейді, ал 2,5%-ы жауап беруге қиналады.

Тұтас алғанда респонденттердің жартысы бүгінгі таңда еліміздің қоғамдық-саяси өміріне қызығушылық деңгейлері төмен екендігін байқадық.

Жастардың тек төрттен бір бөлігі өмірге сындарлы көзқараспен, саясатқа деген қызығушылықтың аздығымен ерекшеленеді, өйткені олар бүгінгі күні жастар саясатқа еш әсер ете алмайтындығына сенімді.


Диаграмма №46. Респонденттердің «Қоғамдық ұйымдардың тізіміне мұқият қарап, Өзіңіз қызметіне қатысқан ұйымдарды белгілеңіз?» жауаптары:



Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың қызметіне қатысу қоғамдық өмірдің мәселелерін түсінуге бағытталған. Өйткені респонденттердің 42,5%-ы қоғамдық ұйымдардың қызметіне, білім беруге, мәдениетке, музыка немесе мәдени қызметке көп мән береді, 16,7% және 10,8%-ы қарт адамдарды, мүгедектер мен ғаріп жандарды әлеуметтік қамтамасыз ететін қызметтер мен қарт адамдар, мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған әлеуметтік қызмет көрсетуді белгілеген. 7,5%-ы ешқандай қоғамдық ұйымдарға қатыспайтындықтарын белгілеген. Бұл нәтижелерден респонденттердің басқа қоғамдық ұйымдар мен соның ішінде жастар ұйымдарымен таныс емес екендігін аңғартады.

Білім беру жүйесінде, мәдениеттегі, музыка мен мәдени қызметтегі қоғамдық ұйымдар жас қыздардың қызығушылығын тудырады. Бүгінде жастар үшін мәдени-көңіл көтеретін орындар жас қазақстандықтардың өздерінің бақтарын сынайтын, өз дарындарын ашатын және жұмысқа туруын қамтамасыз ететін жалғыз орын болып отыр. Байқағанымыздай Қазақстандағы жастар ұйымдары жастардың талабына сай келмейді немесе оның ауқымы өте тар екендігін байқатады.


Диаграмма №47. Респонденттердің «Қазақстанның азаматы болғаныңызды мақтан тұтасыз ба?»



Зерттеу нәтижелері көрсеткендей білім алып жатқан қыздардың көбі өздерінің аймақтық-тұрғылықты жерлері мен әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болғанын ерекше мақтан тұтатындар саны - 73,3%.

Азаматтық отан сүйіштік деңгейінің жоғары болуы университеттің барлық факультеттеріндегі студенттердің бойынан көруге болады, мысалы педагогика және психология факультетінде – 81,8%, физика-математика – 75,9%, өнер және мәдениет - 71,4%, әлеуметтік-гуманитарлық – 64,3%, қазақ филологиясы – 54,3%-ы құрады.

Диаграмма №48. Респонденттердің «Өз Отаныңызды ойлағанда, төменде көрсетілген нұсқалардың қайсысы кеудеңізде мақтаныш сезімін тудырады?»



ҚазМемҚызПУ студенттерінің Қазақстан тарихы кеудесінде мақтаныш сезімін тудырады (45,8%).

Кесте №13. Өз Отанының тарихын мақтан тұтады:

Факультеттер	%
Жаратылыстану	100%
Әлеуметтік-гуманитарлық	60,7%
Педагогика және психология	54,5%
Физика-математикалық	34,5%
Қазақ филологиясы	37%
Өнер және мәдениет	21,4%

Сол сияқты өнер мен мәдениет факультетінің студенттері үшін спорт (21,4%) мақтанш сезімін тудырады. Екінші орында отандық спортшылардың жетістіктері - 14,2%. «Мақтанш тудыратын» рейтингтің бірінші үштігінде - 10%-ы құрайды.

Экономикаға, денсаулыққа және шоу-бизнеске қатысты жауаптары төмен. Ғылыми жетістіктерімен респонденттердің 10%-ы мақтан етеді. Содан кейін ғылым (6,7%) және сыртқы саясат (5%). Ел үшін жастардың бойында ұятты болып саналатын - бұл экономика.


Сауалнамаға жауап бергендердің көбісі саясатқа қызығушылықтары төмендігін байқатты. Саясатқа қатысудың деңгейі объективті саяси процестерді білу нәтижесінде қалыптасатын саяси мәдениетпен байланысты. Жалпыға бірдей саяси қатысудың дәстүрлі механизмдерінің тиімділігіне сенбеу жастардың саяси иеліктен айырылуына себеп болуы мүмкін.

10. ҮЙДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТІЛІ

Ана тілінің саяси-құқықтық феноменінің потенциалын жоғары бағаламауға болмайды, себебі ол мемлекетте тіл саясатын жүргізудің бастаушысы, саясаткерлердің этникалық топтарын және т.б.

Ана тілдің саяси және құқықтық әлеуетін жоғары бағаламауға болмайды, өйткені саясаткерлердің және т.б. тұрғындардың этникалық топтарын ол мемлекетте тіл саясатын жүргізудің жұмылдыру негізі болып табылады.

Диаграмма №49. Респонденттердің (Отбасыңызда қандай тілде қарым-қатынас жасайсыз?) жауаптары



Респонденттердің тек үйде тек қазақ тілінде сөйлейтіндері 81,7%-ын құраса, қалғандары үйде 16,7%-ы әр түрлі тілдерді қолданады, 1,7%-ы үйлерінде тек орыс тілінде сөйлеседі екен.

Зерттеулер нәтижесі бойынша анықталған мәселелер:

- қазақ тілі ана тілі ретінде басым көпшілігі белгілеген (81,7%)-ы құрайды, отбасылық қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілімен бірдей жүреді деп санаушылардың саны (16,7%)-ын құрайды.

- шынайы екі тілділік (қазақ/орыс тілдеріндегі бинарлықты білдіреді) респонденттердің отбасылық жүйесінде фиксируется респондентами в сфере семейного применения у 16,7% респондентов.

Алматының және Алматы облысынан шыққан жастардың көбі мемлекеттік тілде сөйлейтіндігі оң динамиканы көрсетеді. Қазақ ұлтының өкілдері арасында өздерінің ана тілінде ғана сөйлейтіндігі қуантады.

11. БАСҚА ЖОО БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

№1 кесте. Жоба бойынша таңдалған жиынтық

№	Жоғары оқу орны	Басты жиынтық	Таңдалған жиынтық
1	ҚазМемҚызПу	6500	120
2	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	20000	128
3	С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	10000	56
4	ҚазХҚЖӨТУ	5000	38
5	АлmaU		55
6	СДУ	4000	20
7	Іскери мансап және шет тілдері университеті		38
8	ҚазАТК	9000	30
БАРЛЫҒЫ:		54 500	485

Диаграмма №50. РЕСПОНДЕНТТЕР ЖАСЫ, %-бен




Диаграмма №51. РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ АЙМАҒЫ, %-бен




Диаграмма №52. РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ, %-бен




Диаграмма №53. РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ, % -бен





Диаграмма №54. РЕСПОНДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУ КУРСЫ, %-бен



12. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ БАҒДАРЫ, САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

12.1 Университетті таңдау және ЖОО-ға түсу себептері

Кесте №14. НЕГЕ ӨЗІҢІЗ ОҚИТЫН УНИВЕРСИТЕТТІ ТАҢДАДЫҢЫЗ? (пайызбен)

	ҚазМемҚызПУ	Әл Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӨТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Бейімділікке сәйкес мамандық алуға ұмтылу	28,3	62,5	69,6	57,9	32,7	39,5	30	25
Бұл ата-анаммен бірлесіп шешілді	22,5	3,9	14,3	13,2	30,9	7,9	6,7	20
Мұғалімдер кеңесі бойынша	5,8	0,8	–	5,3	–	7,9	6,7	5
Достардың кеңесі бойынша	1,7	1,6	1,8	–	5,5	5,3	3,3	15
ЖОО туралы ақпараттар жоқ	2,5	1,6	–	2,6	3,6	–	–	–
Таңдау мүмкіндігінің шектеулілігі	9,2	1,6	–	–	5,5	–	–	–
Қалаған ЖОО-ның тұрғылықты жерден алыстығы	0,8	–	3,6	–	1,8	2,6	6,7	–
Грант алу мүмкіндігі	13,3	16,4	–	2,6	7,3	13,2	40	20
Жауап беруге қиналамын	15,1	11,6	10,7	18,4	12,7	23,6	6,6	13

Алматы қаласының 8 ЖОО респонденттері «бейімділікке сәйкес мамандық алуға ұмтылуды» ЖОО-ға түсу үшін және университет таңдаудың негізгі себебі ретінде бірауыздан таңдаған. Зерттеу көрсеткендей, қыздарға арналған университетті таңдауға әсер ететін шешуші фактор ата-аналармен бірлескен шешім болып табылады, ал мұғалімдер кеңесі олар үшін біршама мәнге ие. ЖОО-ға түсу кезінде ата-аналар пікірін басшылыққа алған респонденттер пайызы біршама жоғары (AlmaU – 30,9%; ҚазМемҚызПУ – 22,5%; СДУ – 20%; Асфендияров атындағы ҚазМУ –

14,3%), ал олардың он пайызынан төмені мұғалімдердің кеңесін тыңдаған (Іскери мансап университеті - 7,9%, ҚазТКА - 6,7%, ҚазМемҚызПУ - 5,8%).

Университет таңдау кезінде грант алу мүмкіндігі біршама маңызды фактор болып табылады. ҚазТКА студент қыздарының 40%, СДУ – 20%; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–16,4 %; ҚазМемҚызПУ - 13,3%, Іскери мансап университеті 13,2% – университетті таңдаған кезде білім беру грантын алу мүмкіндігіне негізделген.

Асфендияров атындағы ҚазҰМУ студент қыздарының үштен екі бөлігі (69,6%) және ҚазХҚжӘТУ студент қыздарының жартысынан көбі (57,9%) ЖОО-ға түсу кезінде бейімділікке сәйкес мамандық алуға ұмтылуды басшылыққа алғанын, сондай-ақ көп бөлігі ата-анамен бірлесіп шешілгенін дерек ретінде атап айтамыз. Бұл медицина және халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеттерінің студент қыздары грант алады ма, алмайды ма оған қатты көңіл бөлмей, өздерінің болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдағанын көрсетеді.

12.2 Мамандық таңдау

Кесте №15 **таблица ЕГЕР СІЗГЕ МАМАНДЫҚТЫ ҚАЙТА ТАҢДАУҒА ТУРА КЕЛСЕ, ҚАЛАЙ ЖАСАР ЕДІҢІЗ? (пайызбен)**

	ҚазМемҚызПУ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Осы ЖОО-да сол мамандықты қайта таңдар едім	27,5	48,4	53,6	50	60	36,8	46,7	45
Осы мамандықты, бірақ басқа ЖОО-да таңдар едім...	17,5	2,3	14,3	5,3	18,2	18,4	–	5
Басқа мамандықты және басқа ЖОО-ны таңдар едім...	41,7	13,3	19,6	23,7	14,5	34,2	33,3	15
Басқа мамандықты, бірақ осы ЖОО-ны таңдар едім...	1,7	35,9	12,5	21,1	7,3	10,5	20	35

Алматыдағы жеті университеттен респонденттер «Егер сізге мамандықты қайта таңдауға тура келсе, қалай жасар едіңіз? деген сұраққа «Осы ЖОО-да сол мамандықты қайта таңдар едім» деген жауаптарын (60% – AlmaU; 53,6% – Асфендияров атындағы ҚазМУ; 50% – ҚазХҚжӘТУ, 48,4% – ҚазНУ им. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ; 46,7% – ҚазТКА; 45% – СДУ; 36,8% – Іскери мансап университет) берді. Осы уақытта ҚазМемҚызПУ студент қыздарының 27,5% «Осы ЖОО-да сол мамандықты қайта таңдар едім» деп жауап берсе, олардың жартысы (41,7%) оқуға қайта түсу мүмкіндігі кезінде «басқа мамандықты және басқа ЖОО-ны таңдар едім...» деп жауап берген. Бұл университетті таңдаған кезде, басқа университеттерге қарағанда, «бейімділікке сәйкес мамандық алуға ұмтылу» деп атап өткен респонденттердің пайыздық үлесі басқа жоғары оқу орындарына қарағанда төмен болуына және бұл ЖОО-ның студент қыздары көбінің «университетті таңдау ата-анамен бірлескен шешім болды» деп жауап беруімен байланысты болуы мүмкін (1- кесте). Яғни студент қыздар өздері армандаған мамандықты алуға емес, ата-ананың кеңесін немесе грант алу мүмкіндігін басшылыққа алған.

12.3 Оқуға қарым-қатынас

№16 кесте. САБАҚҚА ДЕГЕН ЫНТАҢЫЗ ҚАНДАЙ? (%-бен)

	ҚазМемҚызПУ	эл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Үлкен ынтамен оқимын	36,7	39,8	46,4	31,6	25,5	39,5	23,3	40
Тек кейбір пәндер ғана қызығушылығым бар	51,7	57	46,4	55,3	60	47,4	73,3	55
Бәрібір	6,7	1,6	1,8	5,3	12,7	5,3	3,3	–
Қиын	3,3	1,6	3,6	2,6	1,8	2,6	–	5

Сауалнама нәтижесіне сәйкес респонденттердің көбі «тек кейбір пәндер ғана қызығушылық туғызады» деген санатқа жатады. (73,3% – ҚазТКА; 60% – AlmaU; 57% – Асфендияров атындағы ҚазҰМУ; 55,3% - ҚазХҚжӘТУ; 55% – СДУ; 51,7% – ҚазМемҚызПУ; 48,4% – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ; 47,4% – Іскери мансап университеті). Сауалнама жасалған студент қыздардың жартысынан азы «үлкен ынтамен оқимын» деген жауапты ұстаныпты. (46,4% – Асфендияров атындағы ҚазҰМУ; 40% – СДУ; 39,8% – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ; 39,5% – Іскери мансап университеті; 36,7% – ҚазМемҚызПУ; 31,6% – ҚазХҚжӘТУ; 25,5% – AlmaU и 23,3% – ҚазТКА). Барлық университеттерде сабаққа «бәрібір» немесе «оқу оларға қиын» деген санаттарға студент қыздар пайызының төмен екендігін атап айтқымыз келеді.

№17 кесте. ЕГЕР СІЗ ОҚУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТЫ ҚАЗІР СЕЗІНСЕҢІЗ, ОЛ НЕМЕН БАЙЛАНЫСТЫ? (%-бен)

	ҚазМемҚызПУ	эл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Оқу мені қызықтырмайды	15,8	13,3	8,9	13,2	18,2	5,3	23,3	–
Тек кейбір пәндер ғана маған қызығушылық туғызады	35,8	43,8	50	26,3	43,6	60,5	33,3	35
Мен жұмыс істеймін, сондықтан сабаққа уақыт жетпейді.	1,7	1,6	–	2,6	5,5	5,3	6,7	10

Мен өз уақытымды және сабағымды ұйымдастыра алмаймын	10	10,2	8,9	10,5	16,4	5,3	10	30
Пәндер өте қиын	2,5	2,3	12,5	2,6	1,8	–	3,3	15
Сабақтың жүктемесі өте көп	2,5	5,5	3,6	10,5	3,6	–	13,3	15

Респонденттердің басым көпшілігі оқуда қиындықтар туындаса, бұл негізінен университеттің белгілі бір пәндеріне ғана қызығушылық танытуымен байланысты деп есептейді (60,5% – Іскери мансап университет; 50% – Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ; 43,8% – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ; 43,6% – AlmaU; 35,8% – ҚазМемҚызПУ; 35% – СДУ; 33,3% – ҚазТКА; 26,3 ҚазХҚжӘТУ), басқа студенттер мұны өздерін оқудың қызықтырмайтындығымен байланыстырады (23,3% – ҚазТКА; 18,2% – AlmaU; 15,8% – ҚазМемҚызПУ; 13,3% – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ; 13,2% – ҚазХҚжӘТУ; 8,9% – Асфендияров атындағы ҚазҰМУ және 5,3% – Іскери мансап университеті) немесе олар өз уақыттары мен сабақтарын дұрыс ұйымдастыра алмайды (30% – СДУ; 16,4% – AlmaU; 10,5% – ҚазХҚжӘТУ; 10,2% – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ; 10% – ҚазМемҚызПУ және ҚазТКА; 8,9% – Асфендияров атындағы ҚазҰМУ «**Пәндер өте қиын**» санатына СДУ (15%) және Асфендияров атындағы ҚазҰМУ- (12,5%) көрсеткен. «**Сабақтың жүктемесі өте көп**» санаты бойынша СДУ (15%) және ҚазТКА (13,3%) студент қыздары белгілеген.

12.4 ЖОО-ны БІТІРГЕННЕН KEЙІНГІ КӘСІБИ ЖОСПАРЫҢЫЗ

№18 кесте. ЖОО-ны БІТІРГЕННЕН KEЙІНГІ КӘСІБИ ЖОСПАРЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?
(%-бен)

	ҚазМемҚызПУ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Магистратураға түскім келеді	51,7	64,8	44,6	57,9	56,4	73,7	60	25
Екінші жоғары білім алғым келеді	10	9,4	5,4	7,9	7,3	2,6	16,7	15
Мамандық бойынша жұмысқа тұрғым келеді	20	20,3	41,1	15,8	18,2	18,4	20	40
Мамандыққа қатысты емес кез-келген жұмысқа тұрғым келеді	7,5	1,6	–	13,2	1,8	–	–	10
Мамандығым бойынша болмаса да, жұмысқа тұрғым келеді	–	–	–	–	1,8	–	–	5
Менің жоспарларым әлі анықталмаған	3,3	1,6	5,4	-	9,1	–	–	–
Қалай болатынын көрерміз	6,7	2,3	3,6	5,3	3,6	5,3	3,3	–


ЖОО-ны бітіргеннен кейінгі кәсіби жоспарыңыз қандай? деген сұраққа студенттердің жартысынан көбі магистратураға түскісі келетіндерін айтыпты. (73,7% – Іскери мансап университеті; 64,8% – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ; 60% – ҚазТКА; 57,9% – ҚазХҚжӘТУ; 56,4% – AlmaU; 51,7% – ҚазМемҚызПУ; 44,6% – Асфендияров атындағы ҚазҰМУ). СДУ студент қыздарының төрттен бірі ғана өздерінің оқуларын жалғастырғысы және магистратураға түскісі келетіндерін жазыпты және олардың көп бөлігі (40%) ЖОО-ны бітіргеннен кейін мамандықтары бойынша жұмысқа тұрғылары келетіндіктерін айтыпты. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ студенттері арасынан мамандықтары бойынша жұмысқа тұрғылары келетіндердің пайызы жоғары (41,1%). Бұл медициналық университет студент қыздары ЖОО-ны және өздерінің болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдағандықтарын зерттеу нәтижесінде анықталғандығымен байланысты. Жоғары оқу орнынан кейінгі мамандық бойынша жұмыс істеуді жоспарлап отырған ҚазХҚжӘТУ (15,8%), AlmaU (18,2%) және Іскери мансап университеті (18,4%) респонденттерінің салыстырмалы түрде төмен пайызы байқалады.

№19 кесте. ЖОО-НЫ БІТІРГЕННЕН КЕЙІНГІ ЖҰМЫСҚА ТҰРУ МҮМКІНДІГІҢІЗДІ ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ? (%-бен)

	ҚазМемҚызПУ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Мамандық бойынша жұмыс табуға сенімдімін	65	78,1	87,5	78,9	61,8	73,7	66,7	50
Мамандық бойынша жұмыс табатыныма күмәндімін	14,2	9,4	7,1	2,6	25,5	10,5	13,3	5
Мамандығым бойынша болмаса да, жұмыс табатыныма сенімдімін	9,2	7	–	13,2	7,3	5,3	13,3	15
Менің талаптарыма сай келетін жұмысты табатыныма күмәндімін	5,8	0,8	–	–	3,6	7,9	3,3	20
Менің жұмысқа тұруыма ата-анам, туыстарым, таныстарым көмектеседі.	5,8	3,9	5,4	5,3	1,8	2,6	3,3	5

Респонденттер ЖОО-ны бітіргеннен кейін мамандықтары бойынша жұмыс таба алатындықтарына сенімді және оптимистік көзқарастарын білдірді (87,5% – Асфендияров атындағы ҚазҰМУ; 78,9% – ҚазХҚжӘТУ; 78,1% – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ; 73,7% – Іскери мансап университеті; 66,7% – ҚазТКА; 65% – ҚазМемҚызПУ; 61,8% – AlmaU и 50% – СДУ). Мамандық бойынша жұмыс таба алатындықтарына AlmaU (25,5%), ҚазМемҚызПУ (14,2%) және ҚазТКА (13,3%) студент қыздары көбірек күмәнді. Мамандықтары бойынша болмаса да, СДУ (15%), ҚазТКА (13,3%) және ҚазХҚжӘТУ (13,2%) респонденттері жұмыс таба алады

№55 диаграмма ЖОО-дағы АЛҒАН КӘСІБИ БІЛІМІҢІЗ, DAҒДЫҢЫЗ, БІЛКТІЛІК DEҢГЕЙІҢІЗ ӨНДІРІС ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕ МЕ? (%-бен)



Респонденттер ЖОО-дағы алған кәсіби білімдері мен дағдылары деңгейлерінің жұмыс орындары мен/ немесе өндіріс талаптары деңгейлеріне сәйкес келетініне сенімді. Студент қыздардың көбі оқу кезіндегі ЖОО талаптарына сай алған білімдері мен дағдыларының деңгейлері жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес келеді деп есептейді (87,5% – Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, 78,9% – ҚазХҚжӘТУ, 78,1% – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ; 73,7% – Іскери мансап университеті; 66,7% – ҚазТКА, 65% – ҚазМемҚызПУ, 61,8% – AlmaU и 50% – СДУ). AlmaU университеті студент қыздарымен жүргізілген сауалнамаларға қатысушылардың төрттен бір бөлігі алған білімдері мен дағдыларының деңгейлері жұмыс орындары мен өндіріс талаптарына сай келмейді деп есептейді және СДУ студент қыздарының 20% бұл сұраққа жауап беруге қиналады.

12.5 ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫ

№20 кесте. СІЗ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНА ҚАНАҒАТТАНАСЫЗ БА? (%-бен)

		ҚазМемҚызПУ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Білім беру мекемесі кітапханасындағы әдістемелік және оқу әдебиеттерінің қолжетімділігі	иә	72,5	82	67,9	57,9	60	28,9	50	55
	жоқ	7,5	1,6	5,4	2,6	7,3	15,8	6,7	10
Оқу дәрісханаларының, лабораториялардың заманауи техникалармен жабдықталуы	иә	30	41,4	50	73,7	67,3	13,2	43,3	55
	жоқ	28,3	21,1	14,3	2,6	3,6	44,7	13,3	10

Заманауи ақпараттық технологияларға қолжетімділік (Компьютер, Интернет)	иә	40	62,5	62,5	84,2	72,7	15,8	43,3	70
	жоқ	19,2	6,3	12,5	–	5,5	31,6	10	–
Оқу дәрісханаларының, лабораториялардың санитарлық-гигиеналық жағдайы	иә	37,5	53,1	67,9	68,4	72,7	15,8	43,3	80
	жоқ	55	7,8	1,8	2,6	10,9	31,6	10	–
Қоғамдық тамақтану пункттерінің санитарлық-гигиеналық жағдайы	иә	48,3	42,2	53,6	92,1	56,4	21,1	33,3	85
	жоқ	19,2	12,5	10,7	2,6	12,7	23,7	10	–
Қоғамдық дәретханалардың санитарлық-гигиеналық жағдайы	иә	17,5	31,3	42,9	36,8	49,1	7,9	23,3	75
	жоқ	41,7	59,4	16,1	26,3	21,8	57,9	33,3	5
Жатақханада тұрудың тұрмыстық жағдайы	иә	45,8	15,6	48,2	34,2	29,1	21,1	73,3	75
	жоқ	27,5	35,2	14,3	7,9	34,5	28,9	33,3	–

Оқыту жағдайына қанағаттанарлықтың жоғары деңгейі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен СДУ студент қыздары арасында байқалады. Егер кітапханадағы әдістемелік және оқу әдебиеттерінің қолжетімділігі жайында айтар болсақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (82%), Асфендияров атындағы ҚазҰМУ (67,9%), ҚазМемҚызПУ (72,5%) респонденттері жақсы жауап берді. Оқу дәрісханаларының, лабораториялардың заманауи техникалармен жабдықталуы жайында ҚазХҚжӨТУ (73,7%), AlmaU (67,3%), СДУ (55%) студенттері сенімді. Заманауи ақпараттық технологияларға қолжетімділік сұрағына ҚазХҚжӨТУ (84,2%), AlmaU (72,7%), сондай-ақ СДУ (70%) респонденттері жақсы жауап берген.

Оқыту жағдайына қанағаттанарлықтың ең төмен деңгейі Іскери мансап университеті студент қыздарынан байқалады: респонденттердің үштен бір бөлігі (28,9%) әдістемелік және оқу әдебиеттерінің қолжетімділігіне қанағаттанған, заманауи ақпараттық технологияларға қолжетімділікке тек 15% -ға жуық, сондай-ақ дәрісханал мен зертхананың жабдықталуына (13,2%) қанағаттанады.

12.6 АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

№21 кесте. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ ҚАЙ ӘДЕБИЕТ КӨЗДЕРІНЕН АЛАСЫЗ? (%-бен)

	ҚазМемҚызПУ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Академиялық ұтқырлықпен айналысатын қорлар мен мекемелерден	11,7	17,2	17,9	31,6	41,8	13,2	30	5
Достардан немесе таныстардан	26,7	24,2	30,4	18,4	25,5	13,2	26,7	40
Ғаламтор желісіндегі ресурстардан	44,2	37,5	26,8	34,2	25,5	52,6	16,7	45
Ақпарат алмаймын	11,7	13,3	17,9	10,5	7,3	7,9	20	10

Іскери мансап университеті студент қыздарының жартысы (52,6%), СДУ (45%) және ҚазМемҚызПУ (44,2%) студенттері интернет ресурстарды академиялық ұтқырлық бағдарламасы туралы ақпараттың негізгі көзі ретінде белгілеген. Ресурстың бұл түрі басқа ЖОО-лар студент қыздары арасында кең тараған: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студент қыздарының 37,5% және Асфендияров атындағы ҚазҰМУ студент қыздарының 26,8% ресурстың бұл түрін академиялық ұтқырлық бағдарламасы туралы қосымша ақпарат алатын сенімді әдебиеттер көзі деп есептейді. ҚазХҚжӘТУ студент қыздарының (34,2%), сондай-ақ академиялық бағдарламалар туралы ақпараттандырушы ретіндегі академиялық ұтқырлықпен айналысатын қорлар мен мекемелер (31,6%) де интернет ресурсты бірдей бағалайды. AlmaU студент қыздарының (41,8%) интернет немесе достары сияқты басқа әдебиеттер көздерінен гөрі академиялық ұтқырлықпен айналысатын қорлар мен мекемелерден ақпараттарды көп алатыны туралы деректі атап өткіміз келеді және СДУ-дың студент қыздарының 40% ақпараттарды достары мен таныстарынан алатынын мәлімдеді, яғни «интернет қорларының» көрсеткіштері бірдей.

№22 кесте. ЕГЕР СІЗ БІЛІМДІ ШЕТЕЛДЕ АЛСАҢЫЗ, ҚАЙ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АУДАННАН ӨТКЕНІҢІЗДІ КӨРСЕТІҢІЗ... (%-бен

	ҚазМемҚызПУ	эл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ	
ЕО	–	1,6	–	–	9,1	–	6,7	–	17,4
Қытай	2,5	1,6	3,6	2,6	-	7,9	-	5	23,2
АҚШ, Канада	1,7	-	5,4	2,6	5,5	-	6,7	–	21,9
Австралия	–	–	–	–	–	2,6	–	5	7,6
Араб елдері	–	0,8	–	–	–	7,9	–	–	8,7
Азия-Тынықмұхит аудандары	–	0,8	–	–	3,6	–	–	–	4,4
Орталық Азия	0,8	1,6	3,6	–	5,5	2,6	3,3	15	32,4
Ресей	0,8	4,7	1,8	2,6	5,5	2,6	13,3	-	31,3
БАРЛЫҒЫ	5,8	11,1	14,4	7,8	29,2	23,6	30	25	

Респонденттердің көбінің шетелде білімді алғаны байқалады. ҚазТКА (30%), AlmaU (29,2%) және СДУ (25%). Шетелде білімді алған респонденттер саны біршама аз: ҚазМемҚызПУ (5,8%), ҚазХҚжӘТУ (7,8%) және эл-Фараби атындағы ҚазҰУ (11,1%). Шетелде білім алу үшін ең танымал бағыттар – бұл, Ресей, Орталық Азия, Қытай, сондай-ақ АҚШ пен Канада.

12.7 Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыс


№23 кесте. СІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТТЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТЕУ ЖҰМЫСЫМЕН АЙНАЛЫСҚЫҢЫЗ КЕЛЕДІ МЕ? (% -бен)

	ҚазМемҚызПУ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Иә, ғылыми қызметпен нақты айналысатыныма сенімдімін	–	1,6	–	–	9,1	–	6,7	–
«Жоқ» дегеннен гөрі «иә»	30,8	34,4	35,7	34,2	23,6	28,9	26,7	20
«Иә» дегеннен гөрі «жоқ»	14,2	18	19,6	13,2	34,5	15,8	26,7	50
Жоқ, университетте оқып жүріп, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға дайын емеспін.	6,7	4,7	7,1	7,9	14,5	13,2	6,7	15
Ғылыми өмір ресми сипатқа ие	2,5	4,7	1,8	2,6	3,6	2,6	3,3	10

Респонденттердің жартысынан көп бөлігі ғылыми қызметпен айналысуға дайын немесе ғылыми жұмыспен айналысатындарына сенімді: (34,2% – Іскери мансап университеті; 33,6% – әл-Фараби атындағы; 32,5% – ҚазМемҚызПУ; 32,1% – Асфендияров атындағы ҚазҰМУ; 30% – ҚазТКА; и 28,9% – ҚазХҚжӘТУ). **AlmaU** мен **СДУ** респонденттерінің 5,5% и 5% ғылыми қызметпен нақты айналысатыныма сенімдімін деп жауап бергендерден сенімділік байқалмайды, ал 34,5% и 50% ғылыми-зерттеу жұмыспен айналыспайтындықтарын айтқан.


12.8 Гендерлік мәселелер

№56 диаграмма ҚАЗІРГІ ӘЙЕЛДЕРДІ ЖОҒАРЫ МАНСАПТЫҚ ДӘРЕЖЕГЕ ЖЕТУГЕ ҚАБІЛЕТТІ ДЕП ЕСЕПТЕЙСІЗ БЕ? (% -бен)



Қазіргі әйелдер жоғары мансаптық дәрежеге жетуге қабілетті, ол тек өзіне байланысты деп есептейді, сауалнама жүргізілген студент қыздардың басым көпшілігі (91,1%), бұл өте оптимистік дерек болып табылады. Респонденттердің жартысы (52,8%) ер адамдардың әйелдер мансабына кедергі келтіруі мүмкіндігін алға тартатынын атап өткіміз келді. Шамамен осындай пайызбен қыздар (46,4%) **«бүгінгі күні тек байлар жынысына қарамастан, мансапқа қол жеткізе алады»** деген тұжырымға теріс жауап берді.

№57. диаграмма ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕРДІҢ БАРЛЫҚ ДЕНҒЕЙЛЕРІНДЕ ӘЙЕЛДЕР КӨП БОЛСА, ОНДА НЕ БОЛАДЫ? (%-бен):



Сауалнама жүргізілген студент қыздардың үштен бір бөлігі егер, қабылданған шешімдердің барлық деңгейлерінде әйелдер көп болса, онда өмір қиынырақ, бірақ қызығырақ және бәскеге қабілеттірек болар еді деп есптейді. Осындай жауаппен қоғамдағы психологиялық климат жақсарар ма еді деп есептейді студент қыздар. Яғни, респонденттер барлық деңгейлерде әйелдердің ықпалын жоғарылату керек деп есептейді.

12.9 Бағалылық жүйесі


12.9.1 Студент қыздардың өмірлік құндылықтары

№58 диаграмма. СІЗ ҮШІН ҚАНДАЙ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР МАҢЫЗДЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ? (%-бен)



Біршама маңызды өмірлік құндылықтар деп бақытты отбасылық өмір (41,9%), басқа адамдарға қайырымдылық және көмек (40,6%), табысты кәсіби қызмет (38,6%), денсаулық (32,5), сондай-ақ материалдық игілікке жетуді (28,4%) таңдаған. Табысты саяси мансап, қоғамда жоғары деңгейге жету және белсенді әлеуметтік байланыстарды дамыту сияқты жауаптар біршама танымал болды.

12.10 Қазіргі әйелдердің қасиеттері
№59 диаграмма. СІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫҢЫЗША, ҚАЗІРГІ ӘЙЕЛДЕР ҚАНДАЙ ҚАСИЕТТЕРДІ ИЕМДЕНУЛЕРІ КЕРЕК?



Қазіргі әйелдердің ие болатын маңызды қасиеттері: тәрбиелілік (76,5%), сыпайлық пен ұқыптылық (41,6%), сондай-ақ өз қылықтарына деген жауаптылық, шешім және олардың салдары (41,4%) деп респонденттер белгіледі. Шамамен сауалнама жүргізілген респонденттердің үштен бір бөлігі өз-өзіне сенімділік, креативтік пен өзін-өзі құрметтеу сияқты қасиеттерді белгіледі. Респонденттердің аз бөлігі қазіргі әйелдердің бойынан өзіне берілгендік, көшбасшылық және шығармашылық сияқты қасиеттерді көргісі келеді.

12.11 Дін

№60 диаграмма ҚАНДАЙ ДІНИ БАҒЫТТЫ ҰСТАНАСЫЗ? (%-бен)




№61 диаграмма. ҚАНДАЙ ДІНДІ ҰСТАНАСЫЗ? (%- бен)



Сауалнама нәтижесіне сәйкес респонденттердің көбі «**Мен Құдайға сенемін**» (89,9%) санатына жатады, бұл қыздар толығымен өздері ұстанатын дін ретінде Ислам дінін таңдаған.

№62 диаграмма. ДІНИ САЛТТАРДЫ, ДӘСТҮРЛЕРДІ, РӘСІМДЕДІ САҚТАЙТЫН (ХРАМҒА БАРАТЫН, ХИДЖАБ КИЕТІН, ҚҰРАН ОҚИТЫН) АДАМДАРҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (%-бен)



№24 кесте. ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАР ИДЕЯСЫН ТАРАТАТЫН АДАМДАРДЫ КЕЗДЕСТІРДІҢІЗ БЕ? (%-бен)

	ҚазМемҚызПУ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Иә, өзінің діни мекемесі мен қызметі туралы әдебиеттерді ұсынды	4,2	10,2	16,1	7,9	20	26,3	3,3	15
Ауызша уағызға шақырды	3,3	2,3	1,8	–	7,3	–	3,3	25
Аудио және бейне материалдар ұсынды	0,8	2,3	3,6	–	1,8	2,6	3,3	–
Интернеттен көрдім	1,7	0,8	3,6	5,3	10,9	5,3	3,3	5
Жоқ, көрмедім	87,5	82,8	73,2	81,6	60	60,5	80	55

Респонденттердің көп бөлігі (66,6%) храмға баратын, хиджаб киетін, құран оқып т.б. сияқты діни салттарды, дәстүрлерді, рәсімдерді сақтайтын адамдарға құрметпен қарайды.

Саулнамада авторлар әр түрі ЖОО студент қыздарының дәстүрлі емес діни ағымдар идеясын тарататындарды кездестірді ме дегенді анықтап алу міндетін қойды. Студент қыздардың сауалнамасынан өздерінің діни мекемесі мен қызметі туралы әдебиеттерді ұсынды деген жауап көбірек анықталды. Іскери мансап университеті (26,3%), AlmaU (20%), Асфендияров атындағы ҚазҰМУ (16,1%), сондай-ақ СДУ (15%).

№25 кесте. ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ЖАҒДАЙДА РАДИКАЛДЫ ДІНИ ТОПТАРДЫ ҚОЛДАУҒА ДАЙЫНСЫЗ БА? (%-бен):


	ҚазМемҚызПУ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Жақсы ақша ұсынса...	–	–	5,4	–	1,8	2,6	–	5
Менің діни сенімімме сәйкес келеді	2,5	3,1	7,1	2,6	3,6	–	–	5

Олар діннің тазалығы үшін күрессе, қолдаймын	3,3	–	1,8	–	1,8	2,6	–	5
Ешқашан, өйткені олар діни фанатиктер	56,7	55,5	58,9	63,2	58,2	63,2	43,3	65
Кім туралы әңгіме болып жатқанын білмеймін	25,8	20,3	17,9	18,4	23,6	18,4	33,3	15

Әр түрлі ЖОО респонденттерінің жартысынан көбі ешқашан **радикалды діни топтарды** қолдамайтынын, оларды діни фанатиктер деп жауап берді. Сондай-ақ, барлық респонденттердің үштен бір бөлігі **радикалды діни топтар туралы айтылып жатқанда**, кім туралы әңгіме болып жатқанын білмейтінін айтады.


12.12 Некеге қарым-қатынас

№63 диаграмма. Қандай неке түрі заңды болып есептеледі деп ойлайсыз? (%-бен)




Сауалнама қатысқан студент қыздардың жартысынан көбі (65,6%) Шариат заңы мен неке қиюды мемлекеттік тіркеумен бірге өткізсе, заңды болады деп есептейді. Егер заңды мемлекеттік тіркеу мен Шариат заңы бойынша некені жеке таңдау болса, респонденттердің сәл көптеу бөлігі АХАТБ-да некеге ресми тіркелуді дұрыс көреді (азаматтық хал актілері жазбаларына).

№64 диаграмма. ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ҚАЙСЫСЫНДА ТҮСІК ЖАСАТУДЫ ҚОЛДАР ЕДІҢІЗ? (%-бен)



Респонденттердің жартысынан көбі (55,7%) жүктілік әсерінен ананың денсаулығына қауіп төнген кезде түсік жасатуды мақұлдайтындарын айтады. Сауалнамаға қатысқан қыздардың белгілі бір бөлігі, атап айтқанда 15,5%, нәресте физикалық кемшіліктері бар болып туу мүмкіндігі анықталған жағдайда түсік жасатуды дұрыс деп есептейді. Респонденттердің қалған бөлігі «әйел тұрмыс құрмаған» (6,2%) және «ерлі-зайыптылардың көп балалы болғысы келмеген» (3,9%) жағдайда деген екі пікірге бөлінді.

№65 диаграмма. СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, НЕГЕ ҚЫЗДАР ШЕТЕЛДІКТЕРМЕН НЕКЕГЕ ТҰРАДЫ? (%-бен)



Сұхбат алу барысында жас қыздарға «Сіз қалай ойлайсыз, неге қыздар шетелдіктермен некеге тұрады?» деген сұрақ қойылды. Қыздар үш негізгі себепті анықтап берді: біріншісі, «махаббат бойынша» (30,5%), екінші «шетелде тұруды қалағандықтан» (25,2%), «материалдық қызығушылық» (24,9%). Сондай-ақ, шамамен респонденттердің 10% «ұлттық бірегейлік деңгейінің төмендігінен» деп сесептейді.

12.13 Бос уақыт


№26 кесте. СІЗДІҢ ӨЗ ҚАЛАУЫҢЫЗБЕН БОС УАҚЫТЫҢЫЗДЫ ӨТКІЗУГЕ МҮМКІНДІГІҢІЗ БАР МА? (%-бен)

	ҚазМемҚызПУ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Асфендияров атындағы ҚазМУ	Қаз ХҚжӘТУ	AlmaU	Іскери мансап университеті	ҚазТКА	СДУ
Әрқашан	4,2	0,8	3,6	5,3	41,8	2,6	–	15
Сирек	15,8	6,3	16,1	15,8	29,1	10,5	13,3	45
Ешқашан	40	27,3	32,1	28,9	–	34,2	40	25
Білмеймін	38,3	63,3	44,6	42,1	9,1	47,4	43,3	5

Сіздің өз қалауыңызбен бос уақытыңызды өткізуге мүмкіндігіңіз бар ма? деген сұраққа АлтаУ-дың студент қыздарының 40% олардың әрқашан мұндай мүмкіндіктері бар деп жауап берсе, 30%-ға жуығы мұндай мүмкіндік беріледі, бірақ сирек деп жауап берді. Басқа ЖОО студент қыздарының көбі өз қалауы бойынша бос уақытты өткізуге мүмкіндік бар ма, жоқ па білмейтін сенімді еместік дерегі қызықты болып табылды, ал қалған бөлігі мұндай мүмкіндік ешқашан берілмегендігін айтады.


12.14 Студент қыздардың азаматтық ұстанымы

№66 диаграмма. ДОСТАРЫҢЫЗБЕН ЖИНАЛҒАНДА САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖИІ ТАЛҚЫЛАЙСЫЗДАР МА? (%-бен)



Сауалнама жүргізу барысында студент қыздарға «достарыңызбен жиналғанда саяси мәселелерді жиі талқылайсыздар ма?» деген сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқан студент қыздардың жартысынан көбі (58,6%) саяси мәселелерді кейде, бестен бір бөлігі жиі талқылаймыз деп жауап берді. 15%-дан төмені саяси мәселелерді талқыламаймыз, 10%-дан төмені бұл сұраққа жауап беруде қиналатындарын айтқан.


Диаграмма №67. ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІНЕН, ӨЗІҢІЗ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСҚАН ҰЙЫМДАРДЫ БЕЛГІЛЕҢІЗ (%-бен):




Алматы қаласының әр түрлі ЖОО студенттері қатысатын негізгі ұйымдар ретінде респонденттер келесі үштікті атап өтті: «білім, өнер, музыка немесе мәдени қызмет», «қарттар, мүгедектер немесе мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған әлеуметтік қызметтер» және «жастар жұмысы» (скауттар, гидтер, жастар клубы т.б.) саласындағы мекемелер.

Студент қыздардың 15% жоғарысы «олар қатысқан қызметтер бірде бір мекемеге жатпайтыны» туралы айтқан. Студенттер арасында адам құқығы бойынша, бейбітшілік үшін қозғалыс, сондай-ақ саяси партиялар мен топтар сияқты танымал мекемелер болған. Сауалнама жүргізілген студент қыздар арасынан бірде біреуі әйелдер тобы немесе тұтынушылар құқығын қорғау мекемелерінің қызметіне қатысқаны туралы белгілемегенін дерек ретінде атап өткіміз келеді. Бұл студент қыздарды мұндай бағыттар мүлдем қызықтырмайды немесе мұндай мекемелер туралы ешқандай ақпарат/түсінік жоқ дегенді білдіреді және қоғам үшін олардың жұмысының маңыздылығын түсіну үшін студенттер арасында ақпараттық жұмыс жүргізу керек.

№68 диаграмма. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТЫ ЕКЕНДІГІҢІЗДІ МАҚТАНЫШ ТҰТАСЫЗ БА? (%-бен)



№69. диаграмма. Өз еліңіз туралы ойлағанда, төмендегілердің қайсысы мақтаныш сезіміңізді оятады? (%-бен)



Респонденттер **Қазақстанның азаматы екендігіңізді мақтаныш тұтасыз ба?** деген сұраққа өте оптимистік түрде: 68,9% **«өте мақтан тұтамыз»**, 24,7% – **«қанағаттанамыз»** деп жауап берді. Бұнымен қоса, студент қыздар арасында ел тарихы, спорттағы жетістіктер, ғылым және мемлекеттің ішкі саясаты мақтаныш сезімін туғызатын негізгі салалар екенін айтады. Респонденттер жауабының арасында аз танымал сала экономика және шоу-бизнес екен.

ҚОРЫТЫНДЫ

ЖОО мен мамандық таңдау

Жоғары оқу орнын таңдау теңдестірілген және таңдалған мамандықтың жеке адамның мүдделеріне, бейімділігіне, қабілеттеріне сәйкес келуіне негізделген, сондықтан мамандықты таңдау кезінде, жас қыздар өздерінің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты таңдау жасайды;

- болашақ студенттердің болашақ әлеуетін анықтауды ата-аналар мен туысқандары өз мойындарына алады, өйткені олардың өз таңдаулары болмағанан кейін болашақта ата-аналар жұмыспен және басқа университетке түсуге ықпал етеді;

- оқушылардың 5,8%-ы мұғалімдерінің ақылына жүгінеді. Бұл пайыздық көрсеткіштен мұғалімдердің жұмысбастылығынан шәкірттерінің кәсіби өзін-өзі анықтауға араласпайтындығын байқатады. Немесе мұғалім оқушы алдында өзінің беделін жоғалтқан және оқушылар мұғалімнен ақыл сұрамайтындығын аңғартады;

- университетті таңдаған кезде респонденттердің себептерін, мүдделерін, бейімділігін және қабілеттерін зерттеу барысында ҚазМемҚызПУ студенттері мемлекеттік грант алу мүмкіндігін ескереді. Сонымен қатар университет студенттерінің әлеуметтік жағдайларын, біріншіден, күніне үш рет тамақтандыруды, екіншіден, жатақхана. Бірақ мүмкіндіктердің шектеулі мен оқу орнының қашықтығы іс жүзінде ҚазМемҚызПУ студенттерінің университет таңдауына әсер етпейді[4].

Оқуға қатынастары

Студенттердің тек кейбір пәндерге қызығушылығы, жақсы білім алу үшін оқу процесін ұйымдастыруды қайта қарауды талап етеді. Бұл жағдайда мұғалімнің кәсібилігіне, бір жағынан, оқушылардың қиындықтарды жеңуге және өздерінің академиялық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауға қабілеттілігін арттыру, ал екінші жағынан - олардың оқу үдерісін жеңілдету қабілеті, оны қызықты ету.

«Мен үлкен ықыласпен оқимын» мотивінің маңыздылығы айтарлықтай төмендеді. Мотив кәсіби дамуымен тікелей байланысты және таңдалған мамандықтың маңыздылығын анықтайды. Бұл үрдіс студенттердің өздерінің кәсіби жоспарларына қатысты басқа сұраққа жауаптарын талдау арқылы алынған деректермен расталады.

Бүгінде тиісті салада жұмыс істеу арқылы отбасыларына материалдық жағдайларды қамтамасыз ету ниеті жаңа жағдайды тудырады, бұл университеттің профилін жоспарлау және оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде ескерілуі керек. Осыған байланысты кәсіпкерлікке жаңа пәндер мен оқыту курстарын енгізуге, сондай-ақ кәсіпкерлік саласында қажетті дағдыларды үйретуге болады.

Болашақ университет пен мамандықты таңдауға теріс әсер ететін субъективті факторлар:

- таңдап отырған мамандыққа қызығушылықтың жоқтығы,
- еңбек нарығының жағдайы мен нақты мамандықтарға деген сұраныс туралы мәліметтердің аздығы,
- мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі төмендігіне қарамастан кез-келген жағдайда оқуға түсуге ниеттенуі,
- қалаған оқу орнын таңдауы шектелген және дайындықтың төмендігі.

Студенттердің оқу жағдайы

ҚазМемҚызПУ-інде студенттердің білім арудың жағымды жақтарына оқу корпустарының, кітапхананың, асхананың бір-біріне жақын орналасуы.

Ал күрделі мәселелердің бірі сағат 22.00-ден кейінгі жатақханаларға кіру мәселесі, кеш қайтқан студенттерге қойылатын қатаң талаптар қосымша жұмыстарда еңбек етуіне, мерекелерге қатысуына кедергісін тигізеді және олардың жеке өмірлері есепке алынбайды.

Сауалнамаға жауап берген студенттердің көбіне аудиториялардың материалдық-техникалық талаптары, кейбір оқу-әдістемелік әдебиеттердің кітапхана қорында жетіспеушілігі көңілдерінен шықпайды. Сол сияқты корпусстарда үзіліс кезінде отыратын орындықтардың аздығы, мәдени-көңіл көтеретін іс-шаралардың аздығы күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Оқу аудиториялардың, асханалардың және қоғамдық дәретханалардың жағдайы сын көтермейді.

Әлеуметтік зерттеудің нәтижелері университеттің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, оқу залдарын және зертханаларды заманауи зертханалық жабдықпен жабдықтау, қоғамдық тамақтану пункттерінің сапасын арттыру, заманауи талаптарға сәйкес кітапханаларды дамыту, студенттерге арналған демалыс орындарын ұйымдастыру және қоғамдық дәретханалардың санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарту қажеттілігін растайды.

Академиялық ұтқырлық

Сауалнама көрсеткендей, студенттердің онан бірі академиялық ұтқырлық туралы мәліметтерді ұйымдар мен қорлардан алады. Ақпаратты төрттен бірі құрбылары мен таныстарынан алады. 44%-ы мәліметтерді өз бетінше ғаламторлардан іздейді. Осыған қарамастан академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алғысы келетін студенттердің саны көп: АҚШ университеттеріне 69,2%-ы, ЕО университеттеріне, араб елдеріне 26%-ы барғылары келеді. Студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламаларға қатысуға кедергі келтіретін негізгі себептер:

- тілдік кедергілер;
- материалдық қиындықтар;
- академиялық ұтқырлық туралы мәліметтердің төмендігі.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары

Сұралғандардың басым бөлігі аз немесе көп деңгейде зерттеу жұмыстарымен таныс және оның маңызын, өзектілігін түсінеді, бірақ олардың барлығы ғылыми-зерттеу жұмысымен терең зерттеп, зерделеп айналысуға дайын емес екен. Жоғары оқу орнының студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатағаттану деңгейін көтеру және жетілдіру үшін келесі ұсыныстарды ұсынамыз:

- СҒЗЖ мен студенттерді айналысуға тарту және ақпараттану жұмыстарын күшейту;
- Кафедра қызметкерлері ғылыми-зерттеу орталықтар мен институттардың студенттерге жұмыс мүмкіндік жасау, ғалымдардың жұмыстарымен таныстыру жұмыстарын жүргізіп, жетекші ғалымдармен кездесулер ұйымдастыру;
- Студенттердің зерттеу жұмыстарын жүргізу құзіреттілігін жетілдіру, деңгейін көтеру жұмыстарымен ұдайы айналысу. Зерттеу жұмысының бағдарламасын жасау қабілеттеріне назар аударып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде қолданылатын әдіс-тәсілдерді меңгеру деңгейін (жалпы және арнайы), сонымен қатар тәжірибелік зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу шеберлігін бақылау, алынған нәтижелерді өңдеп, тенденцияларын анықтау;
- Студенттермен ҒЗЖ жүргізетін құрылымдық бөлімшелерге;
- Кейбір студенттер университеттен тыс ішінара ғылыми жұмыстарды көшіріп алуға болады деп пайыдағандықтан, ғылыми ізденістерді көшіру жұмыстарының алдын алу үшін, ғылыми жұмыстарды үйлестіру жұмыстарын күшейту қажет,
- Ғылыми зерттеу жұмыстарының саласы туралы университет студенттерін ақпараттандыру.

Студенттердің қоғамдық белсенділіктері

Студенттің жеке қызығушылығы, барлық оқиғалардың ортасында болу ықыласы, өзінің көшбасшылық және коммуникативтік қабілетін дамыту университеттің қоғамдық өміріне белсенділік танытуының негізгі түрткісі. Ұйымдастырушылық қабілетінің төмендігі, ЖОО тыс қызығушылығының болмауы, кішіпейілділік (ұялшақтық), қоғамдық жұмыс пен сабақты ұштастыра алмау, қоғамдық өмірге қызығушылығының болмауы, ақпараттың аздығы студенттердің қоғамдық жұмыстармен айналысуына кедергі болады.

Фокус-топтың қатысушылары қоғамдық іс-шараларды ұйымдастырушылар (ПОҚ, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, іс-шараға жауапты тұлғалар) қоғамдық іс-шараларға қатысу және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізгенде әр уақытта бір студенттердің қатысуын қамтамасыз етеді. Аталған жағдай бірнеше кереғар салдарлардың туындауына алып келеді. Оларға: өзінің таланты мен мүмкіндігін көрсете алмағандықтан іс-шараларға қатысу қызығушылығының төмендеуі, басқа университеттермен қоғамдық іс-шараларда студент алмасудың болмауы, білім алушылардың ақпараттануының жеткіліксіздігі. Осы жағдайларға байланысты қоғамдық іс-шаралардың мазмұны мен деңгейіне қарамастан олардың университеттегі әлеуетінің жүзеге асырылуы толық жүргізілмейді деген тұжырым жасауға болады.

Гендерлік мәселелер

Жас қыздар қоғамдағы гендерлік теңсіздік пен тұрақты орныққан қоғамдағы гендерлік ұстанымдарды мойындамайды және өздерін жан дүние тұрғысынан өте жоғары деңгейде бағалайды. Олардың ойынша өте көп күш-қайрат жұмсаса, қоғамда өте жоғары дәрежеге ие бола аламыз деп ойлайды. Респонденттердің (сұралғандардың) пікірінше қоғамдық жұмыстарды басқаруда әйелдер неғұрлым белсенділік танытса, өмір соғұрлым қызықты және бісекеге бағытталған болар еді.

Дәстүрлі көзқарастағы жас қыздар қазіргі заманғы өмірлік шындыққа бейім (сәйкес) келмейді. Олар патриархаттың латенттік формасына бағынышты, өздерінің өмірлік жоспарларын дәстүрлі гендерлік қатынастарға негіздейді.

Дін

Қазіргі кезде Қазақстанда сақталып қалған діни жағдаяттардың өзгеруіне жағдайлар жасалынып жатыр. Тәуелсіздік жылдары бұқаралық санада діннің рөлі туралы басқаша ойлау пайда болып, суверинитет жағдайында дін институтында рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына тең мүмкіндіктер ашылады. Зерттеудің нәтижелері көрсетіп отырғандай жас қыздардың басым көпшілігі дінге сенушілер, оларға орташа діншілдік тән және ол сенім, студент қыздарды дәстүрлі емес діни ағымдар, қауымдастықтар мен радикалдық діни қызметтерге тартпайды.

Отбасы және неке

Неке ұғымына деген көзқараспен сана жас қыздарда отбасында пайда болады және олар ер жігітпен құрған заңсыз неке жоспарланбаған жүктілікке, білім алудың тоқтап қалуы, қарым-қатынастың тез бұзылуына алып келетін көптеген қиындықтарға әкеліп соғатынын түсінеді (5).

Қалыптасқан жағдайды бағалау кезінде, мысалы дені сау ана жүктілікке кезіндегі қауіптілікке түссе немесе іштегі бала физикалық ауытқулармен туылады деген қатер болған жағдайда, жүктілікті тоқтату қажет деп сұралғандардың жартысынан көбі жауап берді. Респонденттердің көпшілігі ана және бала денсаулығының маңыздылығын атап өтті.

Сұралғандардың 8,3% түсік тастау жағдайы тұрмыс құрмаған әйелдерде болады деп жауап берді. Мұндай көзқарастардың қалыптасуы әйел адам ең бірінші ана деген, қоғамдағы әйел рөлінің дәстүрлі ұстанымдарына байланысты.

Сұралғандардың 6,7% отбасылы жұп көп балалы болуды қаламайды, сондықтанда олар түсік жасап, жүктілікті тоқтатады деген пікір білдірді. Мұндай пікірдің қалыптасуы қазақстандық қоғамдағы балалы болу құндылығының басымдылығын байқауға болатынын көрсетеді.

Бос уақыт

Әлеуметтік және мәдени белсенділік толыққанды бос уақытын өткізудің белгісі болғанына қарамастан, жас қыздар қаржылық шығын шығармайтын белсенді емес бос уақытын өткізу формасын таңдайды және қалайды. Осыдан жастардың әлеуметтік-мәдениетінің жағдайы шығармашылық дамудың, өзін-өзі дамытудың құлдырауымен сипатталып, қоғамдағы белсенді емес (пассивті) ойын-сауық түрлерінің басымдылығын аңғартады. Бос уақытын ұйымдастыру әрекеттері өте жоғары шығармашылық талпынысты қажет етпейтін және барынша қолайлылықты талап ететін жағдайлармен қанағаттандырылады.

Азаматтық белсенділік

Тұтастай алғанда сауалнамаға қатысқан студенттердің жартысы бүгінгі күнде, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне деген қызығушылығы жоғары деңгейде емес екендігін көрсетті. Жастардың 4\1 бөлігі ғана өмірге келісімпаз қатынасымен ерекшеленеді, олардың саясатқа деген қызығушылығы төмен, бүгінгі таңда жастар саясатты өзгерте алмайды, олардың көзқарасы өзгерістерге себепкер бола алмайды деп ойлайды.

Зерттеудің нәтижесінде келесі қорытындылар жасауға болады, респонденттер басқа қоғамдық ұйымдардың қызметі туралы жеткіліксіз ақпараттандырылмаған, оның ішінде жастар ұйымдары туралы.

Сауалнамаға қатысқан қыздардың көпшілігінің саясатқа қызығушылығы жоқ, саяси өмірге қатысу формасы төмен. Саяси өмірге қатысу деңгейінің төмендегі саяси мәдениеттің әсерінен қалыптасатын саяси үдеріске деген объективті танымның болмауынан туындайды.

Саяси өмірдегі дәстүрлі механизмдерге деген сенімсіздік жастардың саяси өмірге араласпауына себепкер болады.

Тіл

Зерттеу мәліметтері бойынша мыналар анықталды:

- Қазақ тілі ана тілі ретінде басымдылық көрсетіп отыр (81,7%), қазақ тілі орыс тілімен бірге тең дәрежеде отбасылық қарым-қатынас тілі болып табылады (16,7%);

- Екі тілді қарым-қатынас (қазақ/орыс тілдерінің теңдігі) отбасы ішінде қолданылады деп 16,7% респондент жауап берді;

Мемлекеттік тілді жетік меңгергендер қатары Алматы қаласы мен Алматы облысынан шыққан студенттерінде өте жақсы байқалады. Сауалнама көрсетіп отырғандай соңғы 15 жылда қыздардың міне-құлқында ұтымды мотивтер қалыптасты: жетістікке деген қатынас құндылық ретінде инновациялық мінез-құлыққа бағдар қалыптастырады. Аталған ЖОО білім алып кәсіби маман боламын деген студенттердің саны азайды. Сонымен қатар оқуға түсу мотиві негізделмеген абитуриенттер санының артуы байқалады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Молодежная политика // <https://diakom.gov.kz/ru/content/molodezhnaya-politika>
2. <https://informburo.kz/novosti/zatraty-kazahstanskih-studentov-na-obuchenie-v-vuze-vyrosli-na-11-.html>
3. Интернальность и мотивация как вероятность достижения успеха студента в учебной деятельности // <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=554946>
4. (Парнов Д.А. «Кем быть? Секреты выбора профессии. Книга, с которой начинается карьера»)
5. Молдокеева Ж.Ф., Асылбекова А.Т. Гендерная дискриминация как фактор религиозной радикализации женщин на юге Кыргызстана // <https://www.krsu.edu.kg/vestnik/2016/v10/a41.pdf>
6. Отчёт по результатам социологического опроса «Творческие и спортивные интересы студентов ФТА. Способы получения информации» // <http://docplayer.ru/26672470-Otchyot-po-rezultatam-sociologicheskogo-oprosa-tvorcheskie-i-sportivnye-interesy-studentov-fta-sposoby-polucheniya-informacii.html>